



ЖҰМСАҚ ЗАҢ ЖҰМЫСШЫНЫ ҚОРҒАЙ АЛМАЙДЫ

«Жұмысшы мамандықтары жылында» Үкімет жедел шешуге тиіс бір мәселе бар. Ол – еңбеккерлерді қорғау. Өйткені ауыр әрі зиянды салаларда 680 мыңнан аса адам жұмыс істейді. Олардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін былтыр Еңбекмині барлық жұмысшыны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға, қауіпті жұмыстардың есебін жүргізуге, кәсіптік тәуекелдерді болғызбау шараларын қолдануға міндеттейтін заңға бастамашы болды. Бірақ бұл бастамаға қарсылардың қарасы аз емес екен.



ӨНДІРИСТЕРДЕ ЖАРАЛАНҒАНДАР КӨП

Өндірісте жаракаттану оқиғаларын мемлекет те, қоғам да негізінен ауыр апат, қайғылы оқиға болғанда еске алады. Нақты бір кәсіпорында тергеу-

зерттеу жүргізген комиссия заңбұзушылықтың небір ата-сын тауып, танданып, «жаналық» ашып жатады. Соның бәрін алдын ала жойғанда, трагедияға жол бермеуге болатыны қаперіне кіріп те шықпайды.

Сарапшылар жұмысшылардың қаза табу оқиғалары – елде белең алған өндірістік травматизмнің тек ұшар басы екеніне екпін түсірді. 2023 жылы Костенко атындағы шахтада бірден 46 кенші жантәсілім етіп, қоғамның аза бойы қаза болды. Ұлт-

тық статбюроның ресми мәліметінше, сол жылы өндіріс орындарында, шахталарда, құрылыстарда, кәсіпорындарда 246 азамат қайтыс болды.

2024 жылы Майқайың кенішінде құтқарушылар мінген автобус кен игеріліп жатқан тұста жер астындағы қуысқа құлап, 4 адам опат болғанда жұртшылықтың жаны түршікті. Сонымен қатар былтырғы бір ғана жылда 202 жұмысшы жұмыс орнында жан тапсырды. Ауыр-зиянды жұмыстан ұзақ ауырып көз жұмғандарды қосса, ондаған мыңнан тұратын қаралы тізім қалыптасар ма еді? Бірақ Үкімет ондай статистика жүргізбейді.

Ресми статистика бойынша ғана 2019 жылдан 2025 жылғы қаңтар аралығында өндірістегі оқыс оқиғадан 1 230 адам қаза тапты. Тағы 12,8 мыңнан астам адам мертігіп, мүгедек болып қалды. Бейбіт күнде осынша адамның көз жұмғаны үшін көптеген айыпты аяусыз лайықты жазасын алған болар? Керісінше, көптеген қылмыстық іс сотқа да жетпей, жолай жабылып қалады екен.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Арман Оразбайұлы Қырықбаев Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды.

СЕУЛДЕН СҮЙІНШІМЕН ОРАЛДЫҚ



Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында мәнерлеп сырғанаудан төрт құрлық чемпионаты аяқталды. Беделді жарыста еліміздің әнұраны шырқалды. Күні кеше Харбиннен қоламен оралған Михаил Шайдоров енді төрт құрлықтың чемпионы атағына ие болды.

→ 8

ҚОҒЫС ЖАМЫЛҒАН ҚАПШАҒАЙ ЖАҒАЛАУЫ

Кезінде Іленің суын бөгеп, Қапшағай су қоймасын салудың астарында бірегей стратегиялық мақсат болғаны белгілі. Әуелгісі судан алынатын арзан әрі тұрақты электр қуатына қол жеткізу болса, осы өңірдегі туризмді дамыту да негізгі ұстаным екені анық.



→ 6

11 ЖЫЛ ӨТТИ: ЗАУЫТ ӘЛІ ЖОҚ

«Орталық Азиядағы ең ірі фармацевтикалық зауыт Атырауда болады» деп жарнамасы жалаулатқан фармацевтикалық зауыттың құрылысы тұралағанына биыл 11 ай емес, 11 жыл.



→ 6

ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫРЫН ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНЕ АРНАҒАН...



«Әдебиет – ардың ісі» депті Зейнолла Қабдолов. Пушкин мерт болғанда жас Лермонтов «Ақын өлді, ардың құлы құлады» деп өксіген екен дейді. Демек, әдебиет ардың ісі болса, қаламгер – ардың құлы. Қазақ әдебиеті жуырда арда туған ұлынан, ардың тағы бір құлынан айырылып қара жамылды. Ол – дара туған, сөз киесі қонған Дулат Исабеков.

Дулат Исабеков – Екінші дүниежүзілік соғыстың нағыз қызып жатқан кезінде дүниеге келген ұрпақ өкілі. Әкесі соғысқа аттанғанда болашақ жазушы жөргектегі бала болыпты. Осылайша, тумай жатып тағдырдың төлейін тартып, кесапат кезеңнің кермегін татқан ол тіпті кесел тиіп, бір ажалдан аман қалады. «Кішкентай кезімде өліп қалып, дәлізге шығарып тастап, танертен жерлейміз деп жатқанда бір кемпір келіп бетімді ашып қараса, өлудің орнына ыржиып жатыр екенмін. Сол кезде кемпір «Күміскұл-ау, мына балаң тірі ғой» деген. Олар мені адам болмайды деп өлімге мойынсұнған ғой. Тірі екенімді білген соң шешем шын жылапты. Ал арғы жақта менің көрімді қазып, баланы әкелсін деп адам жіберген», – деген еді жазушы сәби күндегі оқиға туралы.

(Жалғасы 5-бетте)

ҮП ЕТКЕН ҮМІТ

Мәжілісте депутаттар ел Конституциясының 30 жылдығы аясында сотталған әйелдерді босату туралы ұсыныс жасады. Ал елімізде 6 мыңнан астам әйел түрмеде отыр.

Нақтырақ айтқанда, қазір еліміз түрмелерінде 6 399 әйел қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін жазасын өтеп жатыр. Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің айтуынша, оларды бостандыққа жіберудің өз шарты мен тәртібі бар.

«Мұндай рақымшылық актісін қолдану туралы ұсынысты тұжырымдамалық-концептуалды түрде қолдаймыз. Конституцияның 14-бабына сәйкес, заң мен сот алдында барлығы тең. Соған сай ешкімді жынысына байланысты кемсітуге болмайды. Бүгінде 6 399 әйел қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін жазасын өтеп жатыр. Олардың 2 692-сі бас бостандығынан айыру

орындарында, 3 707 әйел пробациялық бақылауда», – делі Ішкі істер министрі Ержан Сәденов.

Жалпы, әйелдерге қандай заңнамалық шарттарға сәйкес рақымшылық жасауға болады деп сұрағанымызда, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ:

– Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласындағы бірқатар халықаралық шартқа қосылған, соның ішінде: БҰҰ-ның «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» пактісі, Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою туралы конвенция және Бала құқықтары туралы конвенция бар. Қазақстан заңнамасында атал-



ған халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарын қорғау және отбасылық құқықтарды сақтау жөнінде шаралар қарастырылған. Дегенмен нақты іске асыру тетіктері

өртүрлі құқықтық және әлеуметтік мәселелерге байланысты өзгеріп отырады, – делі.

(Жалғасы 4-бетте)

25 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 27 ақпан күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және комитеттердің алдағы отырыстарында көтерілетін мәселелерді талқылады.

Отырыс барысында бюро мүшелері Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында 28 ақпанда «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ел өркендеуінің негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өткізу туралы қаулы қабылдады.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны белгілі. Бұл бастама еңбек адамының беделін арттыруды, жастарды осы салаға жұмылдыруды және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды көздейді. Сондықтан кадр тапшылығын және бұл бағыттағы басқа да өзекті мәселелерді жан-жақты зерделеп, оларды шешу үшін қажетті шаралар қабылдау аса маңызды», – деді Сенат Төрағасы.

Осы аптада Сенат комитеттері мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен өткізетін іс-шараларда ирригация жүйелерін жаңғырту, су шаруашылығына қажетті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету және биологиялық қауіпсіздік мәселелері қозғалады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері», сондай-ақ «Өзекті институционалдық негіздер: мемлекеттік аудитті одан әрі дамыту» тақырыптарына арналған екі дөңгелек үстел ұйымдастырылады.

Бюро отырысында бекітілген күн тәртібіне сәйкес Палата депутаттары алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы», «Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» және «2024 жылғы 14 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын ҚР Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға хаттар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы» заңдарды қарайды. Бұл құжаттар аталған салалардағы заңнамаларды жетілдіруге арналған.

Бұдан басқа, палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы заңды бірінші оқылымда қарайды. Заң Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды резерв қимылдарына дайын резервтік күштермен қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз құру мақсатымен әзірленді.

М.ЖАСЫН

ЗАҢСЫЗ ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтаруға тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында бұл мәселеге ерекше тоқталған болатын. Бүгінде Түркістан облысында ортақ жайылым жерді қайтару жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Облыстық Жер қатынастары басқармасының басшысы Ерғали Тілегеннің айтуынша, облыстың жер қоры 11 млн 610,3 мың гектарды құрайды. Өңірде пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, пайдаланып жатқан жер телімдерін қайтару бойынша облыс әкімінің өкімімен ведомстволық кіші топтың құрамы бекітілген. 2024 жылға облыс бойынша 60 мың гектар жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару жоспарланған. Дегенмен жоспар артығымен орындалып, былтыр 70,9 мың гектар жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылған. Өңірде 2023 жылдың басында жайылым тапшылығы 2 122,2 мың гектарды құраған болатын. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жайылым тапшылығы төмендеп, 2024 жылы 608 мың гектар болды. Облыс басшысы тиісті сала өкілдеріне жайылым жерді қайтару жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Сонымен бірге, жуырда Ауыл шаруашылығы министрлігі Түркістан облысының Жер ресурстарын басқару департаменті Бәйдібек, Түлкібас және Төле би аудандарының жергілікті атқарушы органдарына жер учаскелерін беру заңдылығына қатысты тексеру жүргізді. Тексеру нәтижесінде жер учаскелерінің конкурсу пен аукцион өткізілмей, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48-бабының талаптарын бұза отырып берілгені анықталған. Соттың заңды күшіне енген шешімдерінің негізінде мемлекетке Бәйдібек және Түлкібас аудандары әкімдіктерінің қаулыларымен заңнаманы бұза отырып бөлінген 4,3 мың гектар ауыл шаруашылығы жері қайтарылды. Оның ішінде 1 149,54 гектар егістік және 3 209,71 гектар жайылым бар.

Төле би ауданы әкімдігінің саяжай құрылысына жалпы ауданы 7,56 гектар болатын 63 жер учаскесі заңсыз бөлінген. Сот бұл мәмілелерді жарамсыз деп танып, жер беру туралы шешімдерді заңсыз деп тапты.



Ал күн сайын көркейіп, жаңа ғимараттармен толысып жатқан облыс орталығының өзінде заңсыз салынған деп 14 ғимарат сот шешімімен бұзылып отыр. Сәулетшілер қанша жерден әсем ғимараттар салынса да құрылыс заң талаптарына сай жүргізілуге тиіс. Бұл туралы Түркістан қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Мұхит Көшенов жобалаушы ұйымдармен, техникалық қадағалаушылар және мердігерлермен кездескенде атап өтті. «Құрылыс – қала көркі ғана емес, ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі. Сондықтан заңсыз және рұқсатсыз салынып жатқан нысандарға қатаң бақылау жүргізілуде. Мониторинг және бақылау жұмыстарының нәтижесінде 112 кәсіпкерлік нысанның толық аяқталмай пайдалануға берілгені анықталды. Олардың басым бөлігі Тәуке хан даңғылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі, С.Қожанов, С.Ерұбаев көшелері мен Қызылорда және Кентау тас жолдары бойында орналасқан. Сот шешімімен бүгінде 14 нысан бұзылды. Жалпы заңсыздықтар үшін 29 942 120 теңге әкімшілік айыппұл салынды», – деп атап өтті бөлім басшысы. Сондай-ақ құрылыс салуға қажетті құжаттардың түгелдей болуы қадағалануы тиістігі айтылды.

ЖОСПАРДЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ОРЫНДАЛДЫ

«AMANAT» партиясының Орталық аппаратында өткен жиында Астана қаласы әкімдігінің өкілдері «AMANAT» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы есеп берді.



Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев, Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов және тағы басқалар қатысты.

Елордада сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру барысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Мәселен, 42 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ 260 млрд теңге сомасына 40 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, ол өз кезегінде 2,4 мың жұмыс орны құруға мүмкіндік берді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 30 400 оқушыға арналған 16 мектеп ашылды. Елорданың оң және сол жағалауын байланыстырып, Есіл өзені арқылы өтетін автожол көпірі салынды. Бұл қадам көлік ағынын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беріп, қаладағы жол жағдайын жақсартты.

Былтыр Астанада абаттандыру жұмысы барысында 130-дан астам спорт және Workout-аландары жабдықталып, 137 аула абаттандырылды және 31 қоғамдық кеңістік құрылды. «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансалары іске қосылды. Тиісінше, елорданың қосымша жылу резерві қамтамасыз етіліп, тұрғын үй құрылысын жалғастыруға жағдай жақсарды. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға 2 547 пәтер берілді. Осылайша, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Дегенмен айрықша назар аударуды және жедел шешімін табуы қажет ететін мәселелер бар.

Жиында Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев сайлауалды уәделердің әр тармағын ойдағыдай орындау міндеті тек әкімдіктерге ғана емес, сонымен қатар мәслихат депутаттарына да жүктелген жауапкершілік екенін атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызға ауқымды міндеттер қойды. Оны жүйелі жүзеге асыру – депутаттар мен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген жоғары жауапкершілік. Біз атқарылған жұмыс туралы есеп беріп қана қоймай, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз керек», – деді ол.

Мониторинг қорытындысы бойынша, сайлауалды бағдарламаны жүзеге асырудың Жол картасында жоспарланған пункттердің 86%-ы орындалды. Алайда 14%-ының орындалмай қалу қаупі бар. Атап айтқанда, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар бойынша бірқатар мәселе туындауда.

Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев қалған жобаларға қатысты жұмысты жеделдету қажет екенін атап өтті.

«Сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру қарқынын төмендетпеу қажет. Азаматтарға уәде етілген жобаларды жүзеге асыру үшін бар-

лық кедергіні жойып, ресурстарды жұмылдыру керек. Атап айтқанда, былтыр медицина қызметкерлеріне арналған жатақхана құрылысы аяқталуға тиіс еді. Алайда бұл жұмыс әлі жалғасуда. Тұрғын үй жетіспеушілігі саладағы кадр тапшылығына әсер етеді. Нысанда партиялық бақылау рейді жүргізілді. Онда құрылысшылар да, мердігер де болмай шықты», – деді ол.

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов бірқатар нысанда жобалық-сметалық құжаттаманы түзеуге және бюджет қаражатының жетіспеушілігіне қатысты мәселелер бар екенін жеткізді.

«Біз Жол картасындағы әр тармақтың маңызын жақсы түсінеміз және балама шешімдер іздейміз. Бірқатар нысан бойынша бюджеттен тыс инвестиция тартылуда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері қарастырылуда», – деді ол.

250 орындық перинаталдық орталықтың құрылысына ерекше назар аударылды. Нысанның құрылыс жұмысын аяқтау мәселесі мемлекеттік сараптаманың ескертулеріне байланысты кейінге қалдырылды. Жоба биыл сәуір айында қайта қаралады деп күтілуде.

Сондай-ақ «Оқушылар сарайы» мен «Нұрлы жол» вокзалы аумағындағы нөсер көрініне қатысты мәселе әлі шешілген жоқ. Жұмыс қарқынын төмен болуына байланысты әкімдік мердігер ұйыммен келісім-шартты бұзып, жаңа орындаушыны айқындады. Алайда республикалық бюджеттен қаржы бөлінбеуі жобаны уақытылы аяқтауға кедергі келтірді.

Жиынға қатысушылар жас мамандар мен аз қамтылған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету сыйды бірқатар әлеуметтік жоба әлі жоспарланған көлемде орындалмай жатқанына алаңдаушылық білдірді. 2024 жылы 333 тұрғын үй сертификатының тек 190-ы ғана берілді.

Партияның Орталық аппаратындағы жұмыс тобының және Партиялық бақылау комитетінің мүшелері Жол картасындағы әр тармақтың жүйелі жүзеге асырылуын қадағалау жұмысын күшейтуді талап етті. Атап айтқанда, Павел Казанцев тапсырмалардың орындалуына жеке жауапкершілікті арттыру қажет екенін назар аударды.

«Мәселе тек есеп беруде ғана емес, нақты нәтижеде. Біз бәрін қатаң бақылауда ұстауға тиіспіз. Қажет болған жағдайда бюджеттік және басқарушылық шешімдерге жедел өзгерістер енгізуіміз керек», – деді ол.

Жиын қорытындысы бойынша партияластар Астана қаласы әкімдігіне қатысты нақты ұсынымдар қабылдады. Атап айтқанда, проблемалық нысандардың құрылыс жұмысы барысын бақылауды күшейту; бюджеттен тыс қаражат көздері есебінен қаржыландырудың қосымша тетіктерін пысықтау; тоқсан сайын Партиялық бақылау комитетіне негізгі жобалар бойынша жанартылған ақпарат ұсыну.

Ә.ҚАЛИ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

Бақилық болған жұмысшылардың көбінің өмірі кен орындарында және құрылыс аландарында үзіліпті. Бас прокуратораның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегінше, тау-кен және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларының бұзылуына байланысты тіркелген қылмыстық істердің саны өткен жылы бірден 29,5%-ға өсті. Соның өзінде мардымсыз: 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда сотқа дейінгі тергеуде осындай 79 іс болды. Биылғы жыл басталмай жатып, қантарда комитет Қылмыстық кодекстің 277-бабы бойынша тағы 11 қылмыстық іс тіркелгенін баяндады.

Алайда соның ішінде сотқа берілетін қылмыстық істердің саны бірнеше есе аз. Мысалы, 2024 жылы құзырлы органдардың өндірісінде болған 97 істің бар-жоғы 14-і сотқа жетті. Ranking агенттігінің сарапшылары мұндай ахуалға бірнеше фактор ықпал ететінін түсіндірді. Біріншіден, ТЖ оқиғалары тым ұзақ, бірнеше ай бойы тергеліп, тексеріледі. Содан кейірінің сотқа дейінгі тергеуі үзіліп қалады, келесі жылға өтеді. 2024 жылы 38 қылмыстық іс бойынша тергеу мерзімі үзілген екен. Өйткені 26-сы бойынша қосымша сараптама тағайындалған.

Екіншіден, кейбір қылмыстық істі тергеу кезінде тергеушілер кінәлілерді сол бойы анықтай алмайды. Былтыр айыптылардың жоқтығы кесірінен 12 істі тергеу тоқтатылған. Үшіншіден, «қылмыстық құқықбұзушылық оқиғасының жоқтығына» байланысты, мысалы, зардап шеккендердің шағымданбауы, басқа себептермен істер жабыла салады.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛА МА?

Өткен жұмыс аптасының соңында Премьер-Министр Олжас Бектенов Президенттің қауіпті өндіріске тартылған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді. Онда жауапты, лауазымды тұлғалар кезекті рет «Президенттің тапсырмасымен өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын күшейтуге» уәде етті, соған болашақ бекінді.

«Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы аясында нысандарды цифрландыруды ескере отырып, нормативтік-құқықтық актілер қайта қаралады. Өнеркәсіп қауіпсіздігін, ғылымды дамытуды және тиісті орталықтар құруды қамтамасыз ететін нысандарға қойылатын, сондай-ақ мемлекеттік еңбек инспекторының кадрлық әлеуеті мен құқықтық мәртебесін арттыру жөніндегі талаптар күшейтілді», — деп хабарлады Уәкілет.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің айтуынша, өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша жекелеген талаптар қайта қаралып жатыр. Азаматтық қорғау туралы заңға өзгерістер енгізетін жаңа заң жобасы әзірленді. Оның шеңберінде апаттық-құтқару қызметтеріне қойылатын талаптар қатаңдатылады. Өндірістік бақылау стандарттары күшейтілді. Қауіпті өндірістік нысандар иелеріне жабдыктар-

ЖҰМСАҚ ЗАҢ ЖҰМЫСШЫНЫ ҚОРҒАЙ АЛМАЙДЫ



Елур КАРЫМ (Астана)

ды жаңарту және жаңғырту бойынша жаңа міндеттер жүктеледі.

Премьер-Министр О. Бектенов өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы бақылау тетігіне ерекше назар аударды. Төтенше жағдайлар министрлігіне Өнеркәсіп, Еңбек министрліктерімен бірлесіп тексеру жүргізу жүктелді. Оның қорытындысында өнеркәсіп нысандарының меншік иелері мен басшыларының қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілігін күшейту жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар министрліктерімен бірге өнеркәсіп қауіпсіздігі шараларын уақтылы қаржыландыру үшін жер қойнауын пайдаланушылардың тау-кен жұмыстарына талдау жүргізіп, бақылауға алуы қажет. Осы ведомство мен ТЖМ газдар шығарындыларымен байланысты тәуекелдерді азайту үшін шахталарды алдын ала газсыздандыру нормативтерін әзірлеуі қажет. Бұл талапты үкіметтік комиссия 16 жыл бұрын, 2008 жылғы 11 қаңтарда, «Абай» шахтасында 30 кеншінің өмірін жалмаған алапат апаттан кейін енгізген. Шенділер сол құжаттың шаңын сілкіп-сілкіп, қайта енгізгендей.

Үкімет басшысы кенесте Цифрлық даму министрлігіне отандық айтишкілерді жұмылдырып, өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жаңа шешімдер әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар өнер-

«**Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар министрліктерімен бірге өнеркәсіп қауіпсіздігі шараларын уақтылы қаржыландыру үшін жер қойнауын пайдаланушылардың тау-кен жұмыстарына талдау жүргізіп, бақылауға алуы қажет.**

кәсіп қауіпсіздігі нысандары паспорттарын жасауға, апаттарды есепке алуды (статистика) және басқа процестерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін «Е-ӨКК» ақпараттық жүйесін іске қосу жоспарланды.

Мұнысы жағдайы қиын жұмысшыға нақты көмекке ұқсамайды. «AMANAT» фракциясының мүшесі, депутат Мархабат Жайымбетовтің айтуынша, Былтыр ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу мен модернизациялауға 33 мемлекеттік орган 345 миллиард теңге шығындаған! Яғни, бюджет АЖ-ны жасау үшін бір шығындалады, ізінше оны ұстап тұру үшін — екінші рет, жаңғырту үшін — үшінші рет шығындалады.

БИЗНЕС ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖЕРІНДІ

2024 жылғы тамызда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заңның жобасын қоғамдық талқылауға шығарған еді. Оған сәйкес, өндірістік жаракаттанушылық үшін жаза біршама қатайтылуға тиіс-тін. Мысалы, біраз кәсіпорын ескертумен құтылады, жаңа жобада әкімшілік ықпал ету шарасы ретінде ескертуді алып тастау ұсынылды. Еңбек заңнамасында белгіленген еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу жөніндегі заңнама талаптарын бұзғаны үшін жұмыс берушілерге салынатын айыппұлдарды ұлғайту қарастырылды.

Алайда қарсылыққа тап болды. Қолымызға 22 қыркүйектегі кеңестің хаттамасы түсті. Онда «Атамекен» ҰҚП өкілі Шаймерденовтің Әкімшілік кодекске жаңа нормаларды енгізумен келіспегені айтылған. Палата өкілі жұмысшының өмірі мен денсаулығына келтірілген шығынды өтеу тек сот тәртібімен шешілуі тиіс, еңдеше мұндай талапты ӘҚБЖК-дан алып тастау керек деп санайды.

Хаттамада Kazenergy өкілі Акмырзаның бизнес субъектілеріне қатысты айыппұл санкцияларын енгізумен келісе алмайтындарын, мұны «репрессиялық сипатқа ие» деп танытындарын жеткізгені жазылған.

«Қазакмыс» корпорациясының өкілі Алдарова да кодексті толықтыруға қарсы

шығып, табандаған. Себебі алпауыт корпорация еңбек-қызмет міндеттемелерін орындаумен байланысты жұмысшының өмірі мен денсаулығына келтірілген шығынды өтеу мәселесі азаматтық құқықтық қатынастарға жатады, сонда қалуы қажет және мұны әкімшілік өндіріске таратуға болмайды деп есептейді. Сондай-ақ оның ұстанымынша, бұл мәселе қолданыстағы заңнама бойынша тіпті еңбек дауына да жатпайды, тиісінше, бұл мәселені келісім комиссиясы да қарай алмайды. Сөйтіп, зардап шеккен еңбекші сотта алпауыттың сайыпқыран заңгерлерінің тұтас тобына қарсы жалғыз қалады, жалғыз алысады. Кім жеңетіні айтпаса да түсінікті.

Яғни, ескі заң бар, ол олигархтарға ұнайды, ал оны Еңбекминің өзгертуді қаласа, еңбекшілердің қорғаушысының бұл талабы қолданыстағы заңға қайшы саналады, қабылданбайды. Тұйықталған шеңбер шығады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде «мынмен

NEET ЖАСТАР САНЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Дипломын алған жастардың басты проблемасы — жұмысқа орналасу. Бүгінде жұмыс іздеп сандалған жастардың қарасы аз. Өйткені жұмыспен қамту үшін мемлекет тарапынан түрлі жоба іске асуда. Нәтижесінде, NEET санаттағылардың саны былтырғы көрсеткіштен біршама азайды.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Былтырғы үшінші тоқсанда елімізде Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша есептелген жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызға жеткен. Яғни, жұмыссыздар саны 448 мыңнан астам деген сөз. Мұның ішінде жұмыс істемейтін, білім алумен немесе оқумен айналыспайтын NEET жастарының үлесі 6,4 пайызды құрайды. Бұл алдыңғы жылдан 1,5 пайызға азайғанын көрсетеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келтірген дерегі бойынша, халықты жұмыспен қамту органдарына 84 мың адам жұмыс іздеп жүгінген екен. Ал Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, еліміздің NEET санатына жататын жастардың ең көп саны Алматы, Түркістан, Астана қалаларында тіркелген. Олар сәйкесінше, Алматыда — 42,5 мың адам, Түркістан облысы — 34,6 мың адам болса, Астана қаласында — 26,4 мың адам. Бұл санаттағы жастардың ең аз үлесі Ұлытау облысында — 5,4 мың адам. Әлеуметтанушы Әсел Қайдарованың айтуынша, жастардың жұмыссыз

жүріуі өзі тұратын аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына да байланысты.

— Жастар арасында осы тақырыпқа қатысты әлеуметтік сауалнама жүргізгенімізде жастардың 37,9 пайызы көп ақша тапқысы келетіні белгілі болған. Яғни, қазіргі жастардың басты құндылығы қаржыға кеп тіреледі. Талдау нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың тек 14,7 пайызы үшін мансаптық мүмкіндіктер шешуші мәнге ие. Бір қызығы жастардың басым бөлігі жұмыс таңдауда алған мамандығы маңызды ма, жоқ па ол шешуші фактор емес. Оған өзі тұратын ірі қалалардың халық саны, әлеуметтік және экономикалық жағдайы тікелей әсер етеді, — деді Ә. Қайдарова.

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев былтыр ведомствоның көмегімен 13 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылғанын айтты. Елордада 155 мың жас азамат тұрады. Оның 95 мыңы — 16 жарағы оқу орнының студенттері. Оларды алғашқы жұмыспен қамтитын негізгі бағдарламалар қатарында «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар» және

**NEET**

«**Жас буынның игілігі үшін жұмыс істеп келе жатқан JOLTAP жобасы 10 жұмысшы және 7 цифрлық дағды бойынша қызмет көрсетуде.**

тәжірибесі». Десек те, соңғы уақытта жастардың жұмысқа құлықсыздығынан, не болмаса қаржы жағдайына көңіл толмауынан болар, бұл бағдарламаға иек артып келетіндер саны азайыпты. Әлеуметтанушы Айдар Хамит бұл құбылыстың тікелей жалақы мәселесіне байланысты екенін негізге алды.

— Қоғамда NEET санатты адамдардың болуы — әлемдік көрсеткіште бар үрдіс. Дамыған, дамушы елдерде бұл норма деп есептеледі. Сондықтан мұны үлкен проблема деп айта алмаймыз. Қазір «Жастар практикасы» бағдарламасының көмегіне жүгінетіндер санының азайғаны рас. Меніңше, бұл бағдарлама гуманитарлық,

жалғыз алысар» кілең батыр істейді деу қиын. Содан болар заң жобасының салыстырмалы кестесі енді «алып тасталсын!» деген шешімге толды. Айтқандай, Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, кәсіпкерлердің ақ батасын алмаған кез келген заң жобасын Үкімет Мәжіліске енгізе алмайды.

Сондықтан егер құп көрсе, кез келген заң жобасы арқылы Парламент депутаттары жұмысшылардың мүдделерін қорғауды күрт күшейте алар еді. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің Еңбекті қорғау басқармасы сарапшыларының дәйектеуінше, тіпті жауапкершілік қатайтылғанның өзінде бұдан бизнес ешқандай шығын шекпейді.

— Қисын шақпайым — адал бизнес еңбек заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаса, шығыны да болмайды, айыппұл да салынбайды. Біз мынаны ұсынып отырмыз: жұмыс беруші өндірістік объектілерді еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша аттестаттауды жүргізу талаптарын бұзса, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлікке — 150 АЕК, орта кәсіпкерлікке — 200 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне — 700 АЕК айыппұл салынуы керек, — деді басқармадағылар. Бизнес бұған келісер емес.

Осыз қолданыстағы Әкімшілік кодексінің 94-бабына сәйкес, дәл осы бұзушылыққа барғандар ескертумен құтылып кетеді немесе қатан дегенде, ірі компанияларға 50 АЕК (биыл 196,6 мың теңге) айыппұл салынады. Алпауыттарға жұмысшыларына жағдай жасап, қауіпсіздіктің барлық талабын сақтап, миллиардтап шығын шығарғанша, 200 мың теңгедей айыппұлды бюджетке тастай салған оңай.

— Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасы талаптарын орындамауы проблемаға айналды. Бұл зиянды, қауіпті еңбек жағдайларының көбеюіне соқтырды. Соның кесірінен өндірістік жаракаттардың, кәсіптік аурулардың, өндірістегі апаттардың туындау қаупі артты. Аттестаттау талаптарын бұзу өндірістік тәуекелдерді басқару жүйесін нашарлатты. Жұмысшыларға медициналық қызмет көрсету шығындары да ұлғайып барады, — деп көңілсіз көріністі сипаттады басқарма сарапшылары.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, елімізде зиянды және қауіпті жұмыстарда 491,1 мың адам жұмыс істейді. Шынында, жұмыс берушілер бұл санаттағы жұмысшыларының санын жасыратыны құпия емес. Осының бір айғағындай, Еңбекминінің мәліметінше, залалды-қауіпті жұмыста істегені үшін сүтпен, емдеу-профилактикалық тамақтандырумен қамтылған, басқа өтемақы түрі тағайындалған жұмысшылардың саны 680 мыңнан асып кетті. Іс жүзінде жұмыс аудар, алайда заңмен көрсетілген заттай өтемақы алмайтыны қаншама?

Тек ресми мәлімет бойынша Қазақстанда зиянды, қауіпті жұмыстарда еңбек ететін жұмысшылардың үлесі 29%-ды құрайды. Дамыған елдерде автоматтандыру мен цифрландыру арқасында осындай WANJ (workers in arduous or hazardous jobs) жұмысшылардың үлесі 1-4% ғана! Сарапшылар Президент Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 25 сәуірде еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік санкцияларды қатаңдату туралы №22-246 тапсырма бергенін еске салады. Жуырда бұл тапсырманың жете орындалмағанына 2 жыл толмақ.

ӨЗЕКТІ

25 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Сондай-ақ депутаттың айтуынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, рақымшылық актісі Парламенттің заң қабылдауы арқылы жүзеге асырылады. Рақымшылықтың негіздемесі ретінде гуманизм қағидаттары, әлеуметтік осал санаттағы сотталғандарды қоғамға қайта бейімдеу қажеттілігі, сондай-ақ мемлекет тарапынан жазаны орындауға жұмсалатын шығындарды онтайландыру мәселелері қарастырылуы мүмкін.

Еліміздегі Парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Батталовадан «Депутат Қарақат Әбденнің әйелдерге рақымшылық жасау туралы ұсынысына не түрткі болды?» деп сұрағанымызда, ол рақымшылық туралы заңда сотталған әйелдердің жекелеген санаттарын босату немесе жазаны жеңілдету қарастырылуы керек екенін айтты.

— Басты басымдық — адамгершілік пен әлеуметтік реинтеграция болуы керек. Қылмыстық жүйені ізгілендіру қажет деп есептеймін, өйткені көптеген әйел қиын өмірлік жағдайларға байланысты түрмеге жабылады. Бұрынғы сотталғандардың қоғамға сәтті кіргізуі үшін рақымшылықтың тиімді қолдау шараларымен қатар жүрі маньды. Сондай-ақ 2022 жылғы Қаңтар оқиғасына байланысты сотталған, жекелеген адамдарға рақымшылық жасау қажеттігін атап өткім келеді — деді З.Батталова.

Жалпы, әлем бойынша сотталған әйелдерге рақымшылық жасау тәжірибеді бар. Мәселен, АҚШ-тың кейбір штаттарында әртүрлі қылмыс жасап сотталған әйелдерге бірнеше рет рақымшылық жасалған болса, Қырғызстанда әйелдер 1996 жылдан бері 3 рет рақымшылыққа іліккен екен. Өзбекстанда 2013 жылы әйелдер мен көмелетке толмағандар жаздан босатыла, Тәжікстанда 2021 жылы барлық сотталған әйелдер мен көмелетке толмағандар бостандыққа шығыпты.

Қазақстанда да қылмыстық саясатты ізгілендіру мақсатында тәуелсіздік жылдарында сотталған адамдарға 9 рет рақымшылық жасалса, оның әрқайсысы белгілі бір атаулы межеге байланысты ұйымдастырылған екен. Рақымшылық акциялары нәтижесінде жалпы саны 58 000-ға жуық адам бостандыққа шықса, 11 000-нан астам адамның жаза мерзімі қысқартылды.

Мамандардың айтуынша, гуманизм қағидалары негізінде сотталғандарды босатуға қатысты рақымшылық және амнистия (кешірім) ұғымы қолданылады. Айырмашылығы, егер рақымшылық жекелеген сипатта болса, кешірім белгілі бір тұлғалар санатына не тобына қолданылады: мәселен, әйелдерге немесе көмелет жасына толмағандарға, болмаса ұзақ мерзімге сотталғандарға. Конституцияның 54-бабына сәйкес амнистия туралы актіні шығаруға құқылы — Парламент. Ал рақымшылықты тек ел Президенті жүзеге асыра алады.

Жалпы, Қазақстан түрмелерінде қанша көмелетке толмаған қыз бала бар? Олар да рақымшылыққа ілігуі мүмкін бе? Сұрақ-

АЗШЫЛЫҚ АЗҒЫНДЫҚҚА БАСТАМАСЫН ДЕСЕК...

Басы дауға қалып жүретін атышулы «Феминита» ұйымы жайлы жиі айтылады. Олар заңсыз шеру өткізеді, қоғам назарын аудару үшін түрлі бейнеуіндеу, акция жариялайды. Қанша қитұрқылық ойластырса да, ұйым белсенділері бірнеше күн қамалып не айыппұл төлеп құтылып жүр. Жақында Алматыда «Феминита» мен ата-аналар одағы арасында дау болды. Олар ұйымды «біржыныстылықты» насихаттайды деп сынап отыр. Жалпы, мұндай белсенділер ұйымын құруға заңдық тұрғыда рұқсат берілген бе?

Көктем ҚАРҚЫН

ДАУДЫҢ БАСЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Осы жылдың басы тағы да «Феминита» ұйымының дауымен басталды. 14 қапанда Алматыда ұйымның іс-шарасына қарсы адам келергі келтіріп, жиын өтіп жатқан қонақүйдегі конференция залдың есігін сындырмақ болады. Оқиға барысын заңда отырғандар видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жариялап жібереді. Үстел үстінде ЛГБТ туы жайылып тұрғаны да видеода анық байқалады. Бұл «Қазақстандық ата-аналар одағы» бірлестігінің төрайымы Бағила Балтабаева мен аты шулы ұйымның алғашқы дауы емес. Былтыр қазан айында да Бағила Балтабаева бастаған топ Феминитаның «Лесбиан құрылтай» деген шарасына барып, оны өткізбеуге тырысқан. Ал бұл жолы қоғам белсенділері ұйымды «жас балаларды азғындап, қоғамдық тәртіпті бұзды» деп айыптап, полиция шақырған. Кейін полициейлер Феминитаның негізін қалаушы Жанар Секербаева мен Гүлзада Сержанды басқармаға алып кеткен.

— «Феминитаның» шапан етіп жамылып отырған тақырыптары, «адам құқығы» емес. Олар іс жүзінде, баяғы сол біржыныстылықты насихаттауда. Заңды тіркелмеген, азғындықты дәріптеп жүрген осы және осы сияқты ұйымдарды толықтай тексеріп, бұлардың қай жақтан қаржыландырылып жатқанын және мақсаттарын айқара ашып, жауапқа тарту керек. Заңда көмелет жасына толмағандар да отырды. Керек десеңіз — бұл жер жерді аралап, өз сенімдерін ашық насихаттауда, — дейді Бағила Балтабаева.



Елдар КАБА (коллаж)

тарымызға жауап берген заңгер З.Батталованың айтуынша, елімізде жыл сайын шамамен 20-50 көмелеттік жасқа толмаған қыз бала қамалуға алынады. Олар көбінесе ұрық, алаяқтық, есірткі және зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстары үшін тұтқындалады.

— Көмелетке толмаған құқық бұзушылардың әрекеттері заңда белгіленген өлшемдерге сәйкес келсе, рақымшылық алуға құқылы. Атап айтқанда, егер қылмыс ауыр зиян келтірмесе, сондай-ақ түзету мекемесінде өрескел бұзушылықтар тіркелмесе бостандыққа шығуы мүмкін, — деді заңгер.

Дегенмен біз қазіргі күні Қазақстан түрмелерінде көмелетке толмаған қанша қыз бар екені туралы ресми статистиканы біле алмадық.

Ал Ержан Сәденов рақымшылық жасау туралы шешім тұжырымдамалық-концептуалды түрде жасалатынын және заң бойынша сотталған адамдар қылмысының ауырлығы немесе жеңілдігіне қарай босатылуы мүмкін екенін ескерткен болатын. Оның айтуынша, сотталғандардың арасында: 29 мүдделі әйел (I топтағысы — үшеу, II топтағысы — үшеу, III топтағысы — 15), 60 жастан асқан 243 әжей (түзеу мекемелерінде — 152, Пробация қызметі қадағалауында — 91), 13 жүкті әйел, үш жасқа дейінгі сәбилері бар 58, сондай-ақ балдырғандары бостандыққа қалған 226 көпбалалы ана бар. Сондай-ақ түрмедегі кейбір ер адамдарға да рақымшылық жасалуы

Қазақстанда да қылмыстық саясатты ізгілендіру мақсатында тәуелсіздік жылдарында сотталған адамдарға 9 рет рақымшылық жасалса, оның әрқайсысы белгілі бір атаулы межеге байланысты ұйымдастырылған екен.

мүмкін. Мысалы, 65 жастан асқан қарт адамдар, I және II топтағы мүдделер, жазылмайтын дертке шалдыққан науқастар, яғни әлеуметтік осал санаттағы ерлерге бостандық берілуі мүмкін.

Ішкі істер министрі егер ел басшылығы және Ата Заңның 30 жылдығына орай амнистия жарияласа, онда ішкі істер органдары жоғарыда аталған әйелдерді өлшемдеріне жіберуді, бостандыққа жүргендерін — пробациялық бақылаудан босатуды ұсына алатынын айтты. Онда заң бойынша мемлекет пен зардап шегуші алдындағы қарызы өтемегендер бостандыққа шықпауға тиіс. Бұл жағдайда министр мойнында өтелмеген талап-арыздары бар әйелдер үшін «бас бостандығынан айыруды жазаның неұрылмайтын түріне ауыстыру жолымен» жеңілдік беруді ұсынды. Олай болса 3 910 әйел ізгілік рақымшылығына ілігетін сияқты. Өзінің депутаттық сауалында депутат Қарақат Әбден баласы бар сотталған аналар туралы мәселені де қозғаған еді. Алайда

Ержан Сәденов атап көрсеткен көпбалалы аналар бостандыққа шыққанымен, олардың балаларымен қауышуына, сәбилер үйіне тапсырылған балаларының отбасына қайтарылуына толық кепілдік жоқ. Өйткені З.Батталова «бұл әрбір отбасының жеке жағдайына, сондай-ақ қорғаншылық органдарының және соттың шешімдеріне байланысты» дейді.

— Шешім қабылдау кезінде баланың мүддесі басым болады. Ананың баланы қауіпсіз ортамен қамтамасыз етуге дайындығы ескерілген негізгі критерий болып есептеледі. Кейбір жағдайларда ата-ана құқықтарын біртіндеп қалпына келтіруі мүмкін. Мәселен, түрмеде жазасын өтеп жүріп дүниеге сәби әкелген әйелдер бар. Олардың балалары төрт жасқа дейін сәбилерге арналған түрмеде (мекемелік балалар үйінде) ұсталып, кейін балалар үйіне немесе туыстарына беріледі. Алматы облысы Жауғашты ауылында былтыр сәуір айында осындай бес жүзге жуық бала болған. Мәнінше, ондай аналарды балалары көмелетке

салатын заңға қол қойды. Яғни, ол жақта біржыныстылық дәріптеуге жол берілмейді. Бізге де осындай заң қажет, — дейді заңгер Әлімжан Жұбатқанов.

Оның айтуынша, нақты заң жүзінде тыйым салынбаса, алдағы уақытта «Феминита» сияқты ұйымдармен қоғамның шиеленісі тоқтамалы. Себебі біздің ұлттық құндылықтарымыз батыстан келген идеологиямен сай келмейді. Еліміздің заңы да біржыныстылықты мойындамайды.

— «Феминита» ұйымының бағыты қандай? Оны халықаралық ұйымдар қаржыландырып отыр ма? Осының барлығын тексеру керек. «Әйелдердің құқығын қорғаймыз» деп, олар астыртын біржыныстылықты насихаттаумен айналысып отыр. Мұндай ұйымдарсыз да отбасындағы әйел құқығын қорғайтын арнайы органдар бар. Сондықтан жабық заңда жиын өткізген ұйымға жай ғана айыппұл салынбай, әрі қарай да тексеру керек. Заңмен тыйым салмаса, ешқандай мемлекеттік орган бұл ұйымның қызметіне тосқауыл бола алмайды, — деді заңгер.

Жалпы, 2017 жылдан бері «Феминита» бастамашылы тобы ұйымды тіркеу үшін Алматы қалалық Әділет департаментіне үш рет өтініш берген. Алайда дегендеріне жете алмаған белсенділер соңында Әділет департаментін сотқа берді. Медеу аудандық соты мен Алматы қалалық сотының апелляциялық алқасы белсенділердің талабын қолдамады. Ал халықаралық HRW ұйымы Қазақстандағы апелляциялық соттың «мүмкіндігі шектеулі әйелдердің, ЛГБТ қоғамдастығына жататын әйелдер мен секс-жұмыскерлердің құқықтарын қорғайтын» топты тіркеуден бас тарту туралы шешімін айыптап мәлімдеме жасады.

ДЕПУТАТТАРДЫҢ ДАУЫСЫН НЕГЕ ЕСТІМЕЙДІ?

«Феминита» ұйымының мәселесі Мәжіліс мінберінде бірнеше рет көтерілді. Атап айтсақ, былтыр Ринат Зайытов ұйым белсенділеріне қарсы депутаттық сауал жолдады. Премьер-Министр Олжас Бектенов атына қолданған ұсыныста Зайытов «Феминита» бастамасын экстремистік деп тандуды, ал Қазақстан аумағында ЛГБТ насихатына тыйым салуды ұсынған. Депутат аталған ұйым өңірлерді аралап, көмелетке толмағандарға өз насихаттарын ашық жүргізгенде, құқық қорғау органдары саусақ қозғалтқан жоқ дейді.

— Еш жазаға тартылмасына көзі жеткен ұйым мүшелері күні кеше Алматыда Құрылтай

толғанша босату керек. Біз бейқұна сәбилердің туғаннан «түрмеге» отыруына жол бере алмаймыз, — деді заңгер.

Алайда Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, ата-ана құқықтары шектелген немесе тоқтатылған жағдайда, оларды қалпына келтіру үшін сотқа жүгіну қажет. Егер анасы соттың шешімімен ата-ана құқығын қалпына келтірсе және баланың мүддесі ескерілсе, ана баласын қайтаруға құқылы.

Сондай-ақ ведомствоның есебінше, егер концептуалды негізде 2 000-нан астам әйел түрмеден шығатын болса, бюджет шығыны күніне 5,8 млн теңгеге қысқартатын көрінеді.

«Түрмеде отырған бір адамға бюджеттен күніне 2,9 мың теңге шығындалса, сәйкесінше жылына 2,1 млрд теңге жұмсалды. Егер 2 000-нан астам сотталған әйел бостандыққа жіберілсе, бюджетте жылына олардың тамағынан, киім-кешегінен 1 млрд 117 млн теңгеді үнемдей алады. Егер бірқатар босаған түрмелерді жаба алса, бюджеттің үнемдеуі одан да артуы мүмкін. Сондай-ақ бұл шара гуманизм қағидаттарын және мемлекеттің әлеуметтік бағдарланған саясатын қолдауға, сотталған әйелдерді қоғамға қайта бейімдеуге, отбасылық құндылықтарын нығайтуға және балалардың құқықтарын сақтауға септеседі. ҚАЗҰ түзеу мекемелерінде жазасын өтеушілердің жүктемесін азайту есебінен мемлекеттік шығыстар онтайландырылады», — деді министр. Қазақстандағы Парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Батталова да «бюджетті үнемдеу қосымша фактор болуы керек, бірақ негізгі емес» деп атап өтті.

Ал заң қабылданса, ол күшіне енгеннен кейін сотталғандарды босату мерзімі әрбір істі қарау тәртібінде байланысты болмақ.

— Ұлттық заңнамаға сәйкес 1-3 ай ішінде тиісті органдар — соттар, прокуратура және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері істі қарайды. Шешімдер қабылданғаннан кейін босатылғандар үйлеріне орала алады. Кейбір әйелдер соңғы бостандыққа шығар алдында пробациялық бақылауға қойылуы мүмкін, — деді З.Батталова.

Бостандыққа шыққан әйелдерді қоғамға қайта бейімдеу, оларды жұмыспен қамту, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету мәселелері, құқықтары мен міндеттері «Пробация туралы» заң нормалары және Қылмыстық-атқару кодексі бойынша реттеледі. Егер рақымшылыққа ілігіп, бостандыққа шыққаннан кейін қайта заң бұзатын болса, ол әйелдерге жаза күшейтуі мүмкін.

— Қылмыстық кодекстің 11-бабына сәйкес, жаңа қылмыс жасау кезінде оның бұрынғы рақымшылықпен босатылғаны ескеріліп, жаза тағайындау барысында бұл мән-жай жазаны күшейтетін фактор ретінде қаралуы мүмкін. Сондықтан рақымшылықпен бостандыққа шыққан әйелдер белгілі бір бақылауда болады. Кейбір санаттар атап айтқанда, қайталап қылмыс жасағандар үшін, тұрғылықты жерінен кетуіне тыйым салу сияқты шектеулер белгіленуі қажет, — деді Мәжіліс депутаты Ү.Шапақ.

өткізетінін ашық хабарлады. Әлмисақтан ел мен жердің, ұлыс пен ұлттың тағдыры талқыланып тұрғандай деген қастерлі ұғымды осындағы төмендеткенде біз неге қарап қалуымыз керек?! Мемлекет басшысының өзі үйлестірген еліміздің Ұлттық Құрылтайының маңызы мен мағынасына нұқсан келтіретін бұл «Феминита» азғындарына неге тоқтау жоқ?! Олардың артында кім тұр, оларға қаржы бөлетін кімдер және олардың көздерін түп мақсаты не? Әншейінде кез келген мәселені майшамен қарайтын құқық қорғау органдары ЛГБТ ұйымына келгенде «тәртіпті қауқарсыз» бола қала ма? — деді Ринат Зайытов.

Осылайша, депутат «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» №31 заңының 1-бабына сәйкес, «Феминита» қауымдастығына Қазақстан аумағында шектеу қоюды және ЛГБТ-ны насихаттауға толықтай тыйым салуды талап етті.

Депутат Еділ Жанбыршин бастаған бір топ депутат ЛГБТ-ны қолдап, Мәжіліс депутаттарына ақпараттық шабуылдарды ұйымдастырған тұлғаларды тауып, жазалауды ұсынды.

— Біз Мәжіліске келгені бері ұлттымыздың болашағына балта шауып жүрген азын жолмен күресіп келе жатырмыз. Мен білетін Үкіметке кемінде бірнеше нақты депутаттық сауал жолданды. Оған қоса, ЛГБТ-ны насихаттауға тыйым салуды көздейтін арнайы заң нормаларын да әзірледік. Алайда осы әрекеттерімізге кейбір шенеуніктер батыс елдері өкілдерінің «демократияны шектеп жатырсындар», «адам құқығын таптап жатырсындар» деген ұстанымдарын желеу қылып, қарсылық білдірді, — дейді Еділ Жанбыршин.

Апта кету керек, E-petition.kz мемлекеттік платформасында ЛГБТ насихатына қарсы петиция жарияланды, небәрі 2 аптада петиция 50 мың қол жинаған. Халық та, депутаттар да осы мәселені бірнеше рет көтергенімен нақты заңнама әлі бекітілген жоқ. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Мәжіліс депутаттарының ЛГБТ қозғалысына қарсы сауалына: «Аталған петицияны Мәдениет және ақпарат министрлігі қарап, мемлекеттік органдардың өкілдерінен, парламент депутаттарынан, қоғамдық бірлестіктерден және өтініш берушіден тұратын жұмыс тобын құрған. Қарау нәтижелері бойынша петицияны ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылданған» деп жауап берді.

Ендіше заң аясында тіркелмеген, яки феминизмнің атын жамылып азышылық топтың астыртын әрекетін жүзеге асырып жүрген атышулы ұйымдардың аяғына тұсау салынар күнге де аз қалды.

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

25 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫРЫН
ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНЕ АРНАҒАН...

(Басы 1-бетте)

Өмірдің күнгейінен көлеңкесін көбірек көріп өсіп, тірісінде кабірі қазылған сәбидің маңдайына жазушылық жазылғанын жас бала ерте түйсінеді. Жазуға деген ынтасы мектеп қабырғасында басталып, 5-6-сыныптарда «Қазақстан пионері» газетін оқып жүргенінде ондағы өлеңдерді оқып, «менде осындай бір өлең жазсам екен» деп ойын қағазға түсіріп, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттеріне сурет-темелер, өлеңдер жібере бастайды. Бірақ редакциядағылар оған «жазғандарыңыз бізге әлі жарамайды, алайда ізденіп, талпына беріңіз» деп хат жібереді. Мектеп бітіргеннен кейін ол Ташкенттегі институтқа оқуға тапсырады. Бірақ екі ретте де түсе алмай, ақыры әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1966 жылы бітіреді. Шығармашылық жолындағы алғашқы әңгімесі 1963 жылы «Жолда», «Замандастар» атты жинақта жарияланды. 1966-1975 жылдар аралығында «Бекет», «Ашы бал», «Мазасыз күндер», «Қара шаңырақ», «Тіршілік» атты повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» романы жарық көрді. Жазушы Әбдіжәміл Нурпейсов Дулат Исабеков туралы «Дулат – каламгер. Дулат – жазушы. Тәңірі сыйлаған таланттың тірлікте не істеу керек екенін «жазушы» деген жалғыз ауыз сөз өзінен-өзі паш етіп тұр. Ендеше өзін күллі жұрттан, семьядан бөліп тастап, есікті тарс жауып, өз кабинетінде өзін қамаған осы бір тым-тырыс, жым-жырт сәтте өз ойы, өз сезімімен арпалысып отырып, ол енді тап бір төңірін өзімен тайталасқандай, кешегі Зейнолла Қабдолов айтатындай, өмірден өнер жасайды. Өзі жасаған өнердің құдіретімен дүниеде тірлік кешіп жатқан адамдардай кәдімгідей адамдар туғызады. Олардың да кәдімгі адамдардай әрқайсысының өзіне бұйырмас таланты, тағдыры болады», – дейді. Өмірден – өнер жасаған каламгер қаламынан көркем образдар, сұлу суреттер туды. «Маған ең қиыны – шығарманы бастайтын бірінші сөйлем. «Дермене» деген шығарманың бірінші сөйлемін жаза алмай 1 аптаға жуық уақыт қиналғанмын. Шығармадағы Арыстың ең ыстық кезін суреттейін сөйлем керек болды. Содан ауылға бардым. Түсте қарғалар жан сақтау үшін күннің ыстығынан талдың басына барып қонақтап отыр екен. Содан «Қара қарғаның миы қайнайтын шаңқай тұс» деп жазып ем, шығарма ары қарай жүріп кетті», – дейді өз естелігінде ол. Жазушының осы бір сөзі кейіннен көп жазушының аптап ыстықты бейнелеуде айтылар теңеуіне айналды. Әр шығармаға ынта-ынтасымен берілетін жанкештілігі оны драматургияға да қалам сілтетті. Қазақ сахнасы тарихында өзіндік орны бар 30-ға жуық пьесаны дүниеге әкелген каламгер қаламынан туған «Әпке», «Ертеңді күту», «Мүрагерлер», «Кішкентай ауыл», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор», «Актриса», «Аққу-Жібек», «Әнші құстар фестивалі», «Мұңлық-Зарлық» атты пьесалары республика сахналарынан әлі күнге түспей келе жатыр. Санкт-Петербург, Омск, Лондон қалалары мен Болгария, Тәжікстан, Түркия, Өзбекстан, Башқұртстан сияқты алыс-жақын мемлекеттердің сахналарында жиі қойылып жүр. 2012 жылы жазушының 70 жасқа толған мерейтойына орай өткен «Исабеков әлемі» атты халықаралық театр фестиваліне алты отандық, алты шетел театрлары қатысты. Жазушының шығармалары бойынша «Гауһартас», «Дермене», «Тауқымет» («Тіршілік» повесі бойынша), «Лоторея» («Ержеткенше» повесі бойынша), «Балуан Шолақ» («Жауғүрек» пьесасы бойынша) атты көркем фильмдер мен «Әпке» атты пьесасының негізінде телесериал түсірілді.

2018 жылы «Қарғын» романы француз тіліне, «Ержеткенше» повесі БҰҰ-ның 6 тіліне аударылып, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының қолдауымен жарық көрді.

Міне, енді Қазақстанның Еңбек ері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Тәуелсіз Қазақ ПЕН-клубы мен платиналы «Тарлан» сыйлықтарының, «Достық», «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның Құрметті жазушысы Дулат Исабеков осындай мол мұра мен қазына халқына сыйлап 84 жасқа қараған шағында Жаратқанға қайтты.



Қалың қазақтың қабырғасы қайысып, ел руханиятының алтын төрі босағандай күй кешті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жазушының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты. «Дулат Исабекулы ұлағатты ғұмырын ұлт әдебиетіне арнаған, тағылымды туындыларымен оқырман санасына шамшырақ бола білген нағыз дегдар тұлға еді. Халқымыздың рухани әлемін байытуда, ұлттық прозамыздың көкжиегін кеңейтуде аянбай тер төгіп, өнегелі өмір сүрді. Қуатты қаламынан туған сүбелі шығармалары, драмалық еңбектері әлем сахналарын бағындырып, дүниежүзіне киелі сөз өнерімізді дәріптеді. Соңына әдеби мол мұра қалдырған Дулат Исабекулының жарқын бейнесі мен ардақты есімі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, – делінді жеделхатта.

Ұлттық әдебиетіміздің айбары болған, қайраткерлердің қаймағы болған, қазақ прозасы мен драматургиясының көкжиегін кеңейткен Дулат Исабековтің өлмес туындылары уақытпен бірге жасап, жарқын бейнесі мен мол мұрасы ұрпақ жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

САҒЫНЫШЫМА
АЙНАЛДЫҒЫЗ, ЖАН КӨКЕ!..

Өзіңізді мынау пәтуәсіз, тым-тым сұркия, әсіре опасыз әрі сатқын жалғаннан дәл осылай лып етіп өте шығар деп есте де ойлаған жок едім, Дулат көке!!! Аанада (кеше ғана деп айтатыншы) Одақтың 90 жылдығында кездестіріп, амандық-саулық сұрастық.

– Міне, бауырым, екеуіміздің де статусымыз теңесті: мен де кемпірінен айырылған жетім шал атандым. Айналайын, келіннің алдынан жарықалың! Қолыңан дәм татып едім, сондай бір жайдары да кенпейіл адам еді. Аман қанша! Сағынып жүрген шығарсың. Мені де сағынып атты зәнталақ өмір-өмір бұйындырып қояды. Шыдап жүрмін. Мықты болайың! – деп арқамнан қағып, суланған көз жиегін сүртіп тұрған еді.

Жалымда сол сурет қалыпты: таяққа сүйенген, көзі суланған, енкіш тартқан, жанары сөнніңі, алайда төңірегіне мейіріммен қарайтын Дулат көкем...

... 1994 жыл. Төр Алтай. Қазақтың менмен деген ығы бір апайтөс, аймүйіз жазушылары Катонқарағайға – Оралхан Бөкейдің жылдық асына жиналған. Олардың астарат көз жастары онсыз да асып-тасып жатқан Бұқтырмаға қосылып, жер мен көктің арасы алатопан шұға айналған. Өксіп тұрып, көз жасыңызға булығып тұрып Оралхан досыңыздың аруағын жоқтап баяндама жасағансыз. Оралханның жалаңаяғының ізі қалған Шыңғыстайдың иығындағы Көктеректің шалғынына аунап мауқыңызды бастыңыз. Бір әредікте:

– Дулат көке, сіз енді прозаны қоятын шығарсыз, – деп қалайын тілім қышып. Орныңыздан атып тұрып (шынтақтап жатқаныңыз) жұлып алғандай:

– Неге? – дегенсіз.

– Шығармашылықта, мына бес күндік ғұмырда бәсеке деген қыр соңынан қалмайтын ашкөз пәлекет болады. Ал сіз ең тәуір бәсекелесіңізден айырылып қалдыңыз ғой, – деп пәлсапа соғайын.

Жым-жырттық басқан төңірегімізді. Сіз сартқа сокқандай мәңгіріп ұзақ отырдыңыз. Алайда жауап болмады.

Алла аузыма салған болар, іле-шала Сіз драматургия жайлауына алты қанат ақорданызды тігіп, шалжиып жатып алмадыңыз ба?!

Жалған дүние... Қазақтың қайтсем зияткерлігін байытам, қайтсем қазақтың сана-болмысын әлемді ауыздарына қаратқан елдердің деңгейіне көтерімін деп күнінзді түнге, түнінзді күнге айналдырдыңыз. Қазақтың тұңғыш интеллектуалды романы «Қарғынды» біреуіміз түсінсек, жүзіміз түсіне алмадық.

... «Гауһартас...» Мәңгілік сағыныш, мәңгілік аңсау, мәңгілік махаббат,



Дүрбелең дүние, тынымсыз, талас-тартысты, суық-сүрең тіршіліктің көрінер-көрінбес қалтарыстарында жататын адам жанының нәзік сезімін, махаббат, сағынышын алпыс екі тамыры иіп отырып қағаз бетіне қапысыз түсірген жып-жылы жүрек суыды. Дулат Исабеков дүние салды. Бірақ ақ қағазға сіңдірген жүрек жылы маңгі суымай, әлі мың-миллиондаған жүректенге жылы сыйлап жүре бермек!



мәңгілік өксик пен өкініш повесі еді ғой. Оны парактаған жандар шынында да бақытты едік. Әлі күнгі. Әлі күнгі ол повесть кемпір мен шалдардың жастығының астында, трөктірішінің май-май қабинасында, қойшының етігін қонышында әкжөмі шығып жүргенін білемін. Әрине, орта буын өкілдерінің. Әскерде жүріп жазыпсыз, әрине, туған жерге, сондағы өнеуі бір тұлымы желп-желп еткен бойжеткенге деген сағынышыңыздың сықпа сарқындысы шығар...

...Жалыңыз темірдей болатын. Былтыр Алматыда тұратын жалғыз ұлым Дулат (есімін сіздің құрметіңізге атап едім, Белқарағайдағы біздің дастарқан басында Сізге үшекіртіп алғам) айтады:

– Әнеу жылы Әуезов театрында Дулат ағаны көріп, арнай сәлем бердім. Ол кісі қолымды жібермей біраз ұстап-ұстап отырды да:

– Әй, осы сен сонау Алтайдағы Қантарбаевтың ұлы, менің аттасым емесіңіз? – дегені ғой. Мені жалқы рет қана, 12 жасымда көрген. Одан бері 30 жыл өтіпті. Мен мүлдем өзгеріп кеттім ғой. Адам баласында осындай да өрескел мықты жады болады екен-ау! – деп айран-асыр әңгіме айтқан....

Ғажап адам едіңіз! Ғажап қаламгер едіңіз! «Мен кемелгермін, мен гениймін!» деп ешкімге төс керіп, көкірегіңізді сокқылаған жоқсыз. Сіздің артыңызда Исабековтың, жалпы қазақ әдебиетінің біраз ғасырларға ентіктірмей, шалдықтырмай жеткізетін шығармаларыңыз қалды. Бүгінгі күні Жұмақтың төрінде өзіңізді сүйген, өзіңіз сүйген бір топ қаламгер аға-бауыр-достарыңыздың, ең бастысы сүйікті жеңешемнің қасына барып, мына жалғанның күлкітөк әңгімесін айттып, айран-асыр боп жатқан шығарсыз. Сіз- бақыттысыз! Мынау ілік пен шатыс, әуре-сарсаңы мол, өсек-аяң мен іштарлықтан құрылған Өмір деген

драматрагедияның соңғы нүктесін қойдыңыз. Сіз – Мәңгіліксіз!

...Әсілі, осы Сіз құсалықтан-ақ кетіп қалған шығарсыз?!

Әлібек ҚАНТАРБАЕВ,
жазушы, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты,
Шығыс Қазақстан облысының
құрметті азаматы

ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫНА
АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

Қазақ оқырманының бірнеше буыны жазушы-драматург Дулат Исабековтің кітаптары арқылы тәрбиеленді. Оның шығармалары өмірдің өзінен сол күйі алына салғандай шынайылығымен, кейіпкерлерінің қарапайымдылығымен, тазалығымен, оқырманды селт еткізбей қоймайтын әсерлілігімен ерекшеленді. Мәселен, «Қарғын» романы жарық көргелі қырық жылдан асып кетті, одан бері бірнеше ұрпақ ауысты, сонда да қолдан-қолға өтіп, үзбей оқылып келеді. Көркемдік шеберліктің құдіреті деп осыны айтатын шығар.

Кенес дәуірінде өмір сүріп, сол уақытта жазғанымен, туындыларынан ешқандай «кеңестік леп» сезілмейтін қаламгердің бірі Дулат Исабеков еді. Ол кісінің «Социализм зәулімі» атты әңгімесі тіпті кенес өкіметі құламай жатып, оның «жаназасын шығарып» тастағандай-тын. «Ертегі елінде» хикаятында да «киьяға берілген» боп отырып кенес қоғамын «сабап» алатын тұстар аз емес.

Оқырман жүрегіне жол тапқан жазушы оны тек күлдіріп қана қойған жоқ, жылтаты да. «Сүйекші», «Тіршілік», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Тыныштық күзетшісі» хикаяттарындағы тағдыр-

«Гауһартас» қойылымы шыққалы бері... Бірақ осы шақта... Енді... Дулат аға хақында өткен шақта сөйлеймін деп кім ойлаған?! Қазақ прозасы мен драматургиясының XX ғасырдағы классикалық үлгісін жасаған Дулат Исабеков ағамыз да бақилық сапарға аттанды. Әдебиет пен өнер хақында жиі сырласып, ой бөлісуші едік. Рухани ұстаз, дос-аға болды. «Гауһартас» қойылымын бізбен бірге сан мәрте тамашалап, театрымыздың әртістеріне, жас буынға әрдайым өзінің руханият туралы ақыл-кеңестерін айтып, ақ батасын арнап, біздің ұжымға қолдауын аямайтын.

2023 жылы «УМА1-2023» ұлттық сыйлығының жеңімпаздары қатарынан табылып, «Үздік музыкалық драмалық спектаклі» атанған, 2024 жылы да «Тикетон» сыйлығына ие болып «Жылдың үздік қойылымы» атанған. Музыкалық жас көрермен театрының «шығармашылық төлқұжатына» айналған «Гауһартас» музыкалық драмасының авторы Дулат Исабеков ағамыздың біздің ұжым үшін де орны ерекше, тұлғасы биік еді...

«Гауһартас» қойылымын бізбен бірге бес мәрте тамашалап, театрымыздың әртістеріне әрдайым өзінің өнер хақындағы ақыл-кеңесін айтып, ақ батасын арнап, біздің ұжымға қолдауын аямайтын. «Гауһартаста» ұлттық мінездердің бояуының қанықтығы көрермен мен театртанушыларды тәнті етті. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті өзіндік өрнек салған қаламгердің көптеген кітабы жарық көрді. Қазақ сахнасы тарихында өзіндік орны бар 30-ға жуық пьесаның авторы. Жекелеген повестері мен әңгімелері шет тілдеріне аударылды. Жазушының «Гауһартас», «Дермене», «Тауқымет», «Тіршілік» повесі, «Ержеткенше» повесі, «Балуан Шолақ» атты көркем фильмдер мен «Әпке» атты пьесасының негізінде телесериал түсірілді. Дулат ағамыздың жарқын бейнесі, ұлтының болмыс-бітімін арқау еткен өміршен туындылары халқымыздың санасы мен жүрегінде әрқашан сақталады.

Дулат ағаның мерейін өсірген, театрымыздың репертуарындағы «Гауһартас» қойылымының ғұмыры ұзақ болатынына да сенеміз.

Асхат МАЕМИРОВ,
театр режиссері, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

ӘЛІ МЫҢ-МИЛЛИОНДАҒАН
ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАП
ЖҮРЕ БЕРМЕК!

Студент күнімде Дулат Исабеков, Қадыр Мырза-Әлі, Темірхан Медетбек ағалармен бір аптаға жуық сапарлас болдым. Бастаушы – Қасымжан Бегманов ағамыз. Шымкент, Түркістанда болдық. Дастарқанға бас келген сайын Қадыр аға мен Дулат аға кезек-кезек маған құлақ берді, сол сапарда айтулы ақын мен әйгілі жазушының қолынан үш-төрт құлақ жедім.

Бір дастарқанға бөдененің сорпасы келді. Сол кезде Дулат аға: «Осы бөдене байқұстың еті бір жапырақ, сорпасы бір-ақ кеше, соған бола осыны атып, өмірін киіп жіберу обал ғой» деді. Дәл сөзбе-сөз есімде қалды. Кейін «Ахмет. Ұлт ұстазы» сериалының сценарийін жазғанда сол сөзді Аханның аузына салдым. Кең, гумани жүректің сөзі ғой. Аханның аяулы болмысын ашуға аз да болса септігін тигізді ғой деп ойлаймын. Былтыр әйгілі «Біз соғысты көрген жоқпыз» шығармасы бойынша сценарий жаздым. Шығарманың лүпілдеп соғып тұрған жүрегінің үнін, жылуын тұла бойыммен сезіндім. Не қылған нәзік суреткер!

Осылайша, дүрбелең дүние, тынымсыз, талас-тартысты, суық-сүрең тіршіліктің көрінер-көрінбес қалтарыстарында жататын адам жанының нәзік сезімін, махаббат, сағынышын алпыс екі тамыры иіп отырып қағаз бетіне қапысыз түсірген жып-жылы жүрек суыды. Дулат Исабеков дүние салды. Бірақ ақ қағазға сіңдірген жүрек жылуы мәңгі суымай, әлі мың-миллиондаған жүректенге жылы сыйлап жүре бермек! Сіздің жүрек суыңызды өшпек емес, сұңғыла суреткер! Бақұл болыңыз. Жайыңыз жәннат болғай! Сол сапардан келіп, Алматы вокзалынан түсіп жатқанда айтқан Қадыр ағаның бір сөзі әлі құлағымда. «Осыныша күн бос өтті, сендерге болар, бізге болмайды, біздің уақытымыз өте аз ғой» деді. Бұл «сендер уақыттың қадірін білмейсіңдер» дегені ме, әлде «біз қартайдық...» дегені ме, екеуін де меңзегені ме? Мен-зеп боп тұрып қалғаным есімде. Уақыт!!!

Ұларбек НҮРҒАЛЫМ,
ақын, жазушы

25 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Кезінде Іленің суын бөгеу, Қапшағай су қоймасын салудың астарында бірегей стратегиялық мақсат болғаны белгілі. Әуелгісі судан алынатын арзан әрі тұрақты электр қуатына қол жеткізу болса, осы өңірдегі туризмді дамыту да негізгі ұстаным екені анық. Уақыт өте келе Қапшағай су электр стансасы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қалтқысыз қызмет ететін нысанға айналды. Ал жасанды теңіздің жағалауындағы туризмнің дамуына қатысты мақсат әлі де орындалмай отырғаны өкінішті...

ҚОҚЫС ЖАМЫЛҒАН ҚАПШАҒАЙ ЖАҒАЛАУЫ



А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Алматы облысы

Қапшағайды еліміздегі ең танымал демалыс орны деп тануға бола ма? Бұл тұрғыдан келгенде пікір екіге бөлінеді екен. Біріншіден, суы мөлдіреген көл жағалауы туризм үшін таптырмайтын мекен екені даусыз әрі Алматы сияқты алып мегаполистен таяқ тастам жерде жатқан жағажай демалыс іздеген адамды өзіне тартып тұратыны шын. Бұл — енді туризмді дамыту үшін қолайлы бағдар. Көл ансаған көңілді жұрт Қапшағайға келіп аунап-қунап кетуді әдетіне әлдеқашан айналдырған. Дерекке жүгінсек, былтырғы демалыс маусымында ғана жасанды теңіз жағасында 1,5 млн адам демалған көрінеді. Дәл осы жерде көл жағалауындағы туризмге қатысты екінші жақтың да пікіріне құлақ түрген абзал. Анығы жағажайдағы демалушыларға қызмет көрсету деңгейінің төмендегі туралы жасыруға келмейді. Әсіресе, мөлдір суы мен ыспа құмы шипалы жағалау маусым кезінде қоқысқа көміліп қалады екен.

Рас, Қапшағайда демалысқа арналған түрлі нысан бар. Қонақүйлер, пансионаттар, демалыс базалары және жеке жағажай нысандары жыл сайын



көбейіп келеді. Мұндай жағдайы жасалған демалыс нысандары негізінен көлдің демалыс аумағы аталатын бөлігіне орналасқан. Мұның дерлігі жекеменшік туристік нысандарға жатады. Соған сәйкес бағасы да жоғары. Демалыс орындары да туристерге ыңғайлы болу үшін бассейндер, аквапарктер, су аттракциондары мен яхта жалдау қызметтерін дамытып отыр екен. Әсіресе, кейінгі 4-5 жылдың жүзінде Қапшағай маңында жаңа заманауи демалыс кешендері ашылып, қызмет көрсету сапасы айтарлықтай жақсарды. Дегенмен жалпылама есеп бойынша нысандардағы сервистің деңгейі халықаралық стандарттарға сәйкес келмей отыр.

Жалпы, Қапшағай жағалауындағы демалыс туризмін дамытуға жергілікті

билік барынша көңіл бөліп отырғанын айтуымыз керек. Әсіресе, туристер үшін қолжетімді жағажайлардың жағдайын жасау үшін қаржы бөлініп, қызу жұмыс істелуде.

— Былтыр Қапшағайға шомылу маусымында 1,5 млн турист келді. Оларға жүз қырықтан астам демалыс орны қызмет көрсетті. Көл жағалауындағы инфрақұрылымды дамытып, келушілерге сапалы қызмет көрсету мақсатында заманға сай демалыс орындары салынып, халық игілігіне беріліп жатыр. Қазір Қонаев қаласында туризм саласы бойынша 9 инвестициялық жоба бар. Сонымен қатар абаттандыру бойынша №8 қалалық жағажай мемлекет тарапынан инвесторларға берілді. Мұнан бөлек, 1 шақырымға созылатын қалалық жағажай аумағы абаттандырылып жатыр. Жалпы, Қонаев қаласының аумағында 2030 жылға дейін 26 инвестициялық жоба жүзеге асады. Олардың жалпы құны — 470 млрд теңге. Аталған жобалар сәтті жүзеге асқан жағдайда 5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады, — дейді Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов.

Алматы облысының орталығы болғанына төртінші жылға аяқ басқанымен, Қонаев қаласында атқарылмаған шаруа шаш етекпен. Соның негізгісі қаланың инфрақұрылымы мен коммуникациясына қатысты болып отыр. Қоқыс шығару да осы қатарда. Дерек бойынша, Қапшағайда қала бойынша күн сайын 20 тоннадан астам қоқыс шығарылады. Ал туризм маусымы қызған шақта бұл көрсеткіш екі есеге дейін тартады екен. Мұның сыртында жағажайды жалға алып, келушілерге қызмет көрсетуге бейімделген кәсіпкерлердің тек ақша табуға деген тойымсыз ұстанымы да көл жағалауындағы қоқыстың үйіліп жатуына әсер етеді екен. Сол сияқты қазіргідей дамыған заманда құм үстіне қада қағып, қаңылтыр қоршау жасап бизнес бастап кетуге тырысатындар бар. Бүгінде қала билігі осындай жүйесіздікпен күресуге кірісіпті.

Гүлназ Кәрімжанның айтуынша, корпорация зауыт құрылысынан толықтай бас тартқан.

«Жаңа кәсіпорынның 30 пайызын кезінде «Атырау» әлеуметтік корпорациясы қаржыландырып еді. Кейіннен құрылысқа қатысты шикілік шығып, сот арқылы қаржы қайта өндірілді. Осылайша, 2018 жылы жобаның бастамашысы «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы 60 миллионнан астам қаржыны кері қайтарды. Алдағы уақытта «Атырау» ӘКК бұл жобаны қаржыландырмайды», — деді спикер.

Атырау облысы әкімі Серік Шапкенов «Атамекен бизнес» каналына осыдан үш жыл бұрын берген сұхбатында зауытты қолға алған атыраулық кәсіпкердің Үнді, Польша елдеріндегі серіктестерімен бірлесіп отырған компанияны іске қосамын деген жоспары болғанын айтты. «Бұл жерде кәсіпкердің де қаражаты жұмсалды, жергілікті атқарушы органның да көмегі болды. Алайда жұмыс тұралап тұр. Оған серіктестер арасындағы өзара мәселелер, қаржы жетіспеушілігі секілді қиындықтар себеп болып отыр», — деген еді Серік Шапкенов.

Біз осы мәселе бойынша соңғы мәліметтерді білмек болып, Атырау облысы әкімдігіне қайта хабарластық. Атырау облысы әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Жұмағазиевтің айтуынша, жергілікті билік инвестор іздегірүде. Тіпті, алыс және жақын шетелден келетін бизнес және ресми құрылым өкілдеріне ақпарат жеткізіліп отыратын көрінеді. «Әзірге инвестор табылған жоқ» деді спикер. Орталық Азиядағы ең ірі зауыттардың бірі болуы тиіс бұл өндірістің нақты қашан іске қосылып, өнім шығаратыны белгісіз. Инвестор өне келеді, міне келеді деп жүргенімізде құрылыс нысаны мүлде пайдаға аспай қалмаса болғаны.

Айтпақшы, Атырауда тұралап тұрған құрылыс бір ғана бұл емес. Бұған дейін Концерттік зал салынуы тиіс болып, оның құрылысы 2012 жылдан бері тоқтап тұрған еді. Атышулы Бергей Рысқалиевтің кезінде теңдессіз зал ретінде жарнамаланған «Концерттік залдың» жарғылай салынған құрылысы Атыраудың қарсаңынан күні кеше ғана сүріліп тасталды. Ендігі жоспар бойынша ол жерге үлкен мәдени ошақ салынуы тиіс. Ал залдың құрылысына жұмсалған қыруар қаржы құмға сінген судай жоқ болды да кетті. Әзірге желге ұшқан қаржының қайтарымын іздеп жатқан адам көрінбейді...



ШАҒЫМ КӨП, ШАРА ҚАНДАЙ?

Бүгінде Шымкенттегі даудың бірі қоқыс тасымалдау ісіне қатысты болып тұр. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарумен айналысатын кәсіпкерлер әкімдіктің іс-әрекетіне, жаңа жобасына наразылығын білдірді. Қала әкімдігі қоқыс тасымалдауды ұтып алған компанияға қоқыс жинаудан бастап, оның қайта өңдеуге дейінгі барлық жұмысты атқаруға тиіс деп талап қойып отыр.

А Назғұл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Жергілікті билік тұрмыстық қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату мәселесін түбегейлі қайта қарауды ұйғарып, осы мақсатта олар жоспарды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы жүзеге асыруды көздеуде. 5,5 млрд теңге жобасында жарияланған тендерді ұтып алу үшін компания жоғарыда аталған талаптарға сай болуы керек. Өкінішке қарай, жылдар бойы қоқыс тасымалдаумен айналысып жүрген шымкенттік компаниялар бұл талаптарға сай емес. Шымкенттік компания өкілдері «демек, бұл байқаудан үміт жоқ, сырттан басқа компаниялар ұтып алып, мұндағы шағын компаниялар банкротқа ұшырайды» деп наразылық білдіреді. Ондай жағдайда талай адам жұмыссыз қалмақ. Сонымен бірге тұрғындардың қолданыстағы қоқыс компанияларына 150 миллион теңге жобасында қарыздары бар болып шықты.

«5,5 млрд сомаға конкурс жарияланды. Біріншіден, ешбір компания, тіпті 30 жылдық тәжірибесі болса да, мұндай соманы көтере алмайды. Осыған дейін тұрмыстық қалдықтарды жинаумен айналысып келген шағын компаниялар қарызға белшендеп бағып, банкротқа ұшырауы мүмкін. Себебі әкімдік жариялаған тендердің шартын орындау мүмкін емес», — дейді кәсіпкерлер.

Күн сайын мегаполистен мың тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдық полигонға тасымалданады. Қала халқы да, кәсіпорындардың саны да артып келеді. Әкімдік қызметкерлерінің айтуынша, мұндай талапты қоядан басқа амал болмаған. Қанша мәрте тәртіпті қалпына келтіруге әрекет жасалғанымен, нәтиже көрінбегенін айтады.

«Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау — біздің қаламыздағы өзекті мәселенің бірі. Бұл жобаны жүзеге асыру қаладағы тәртіпті қалпына келтіру үшін жинаудан тасымалдауға, өңдеуге, кәдеге жаратуға дейін тізбекті ұйымдастырумен көзделді, өйткені бізге келетін шағым көп. Қаланың шетіндегі қоқыс апталып шығарылмайды. Көшеде заттарды сүйреп бара жатқан итер бар», — деп атап өтті Шымкент қаласы

Жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасының басшысы Гүлнар Ермекебаева.

Сонымен бірге басқарма басшысы мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында қолға алынған жобаны жүзеге асыру алдағы 10 жылға жоспарланып отырғанын айтады. 2027 жылы қоқысты сұрыптайтын зауыт іске қосылады. Жоба мерзімі аяқталған соң барлық мүлік, оның ішінде сұрыптау зауыты да коммуналдық меншікке қайтарылмақ.

Конкурс жеңімпазы Шымкент қаласындағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін зауыттан бөлек, өз қаражатына 60 жаңа арнайы техника сатып алуы, 200 жартылай жерасты контейнері, кемінде 50 мобилді бейнекамера орнатуы, онлайн бақылау жүйесі бар басқару орталығын құруы, қалдықтарды белек жинауды енгізуі қажет деген талаптары да бар.

Қаладағы қоқыс тасымалдаумен айналысып жүрген кәсіпорындарда мамандандырылған көліктің жоқтығын, автопарк-тің ескіргенін айтады. Сондай-ақ қала тұрғындарынан қоқыс шығару қызметінің сапасына жиі шағым түсетінін, былтырдың өзінде жеті мыңнан астам өтініш келгенін жеткізді.

Ал қоқыс тасымалдаумен айналысатын ұйым басшылары мұның артында монополияландыру саясаты жатқанын айтады. Өйткені талабы жоғары шартты тек қаржылық мүмкіндігі жоғары компания ғана орындай алады. Тендер жеңімпазы қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау секілді міндеттерге жауапты болмақ. Сондай-ақ жаңа арнайы техника, жартылай жерасты контейнерлері, бейнебақылау және басқару орталығы болуы керек деген талаптар қойылып отыр. Жергілікті кәсіпкерлер мұндай ауқымды жұмысты жалғыз компанияның атқаратынына күмәнмен қарап, әлі де қосалқы мердігер ретінде шақырып қалар деген үміт бар екенін жасырмайды.

Шынында да жергілікті бүкіл компаниямен жұмысты шорт кесіп, оларды қалада қалдырғанша, әзірге өгіз өлмейтін, арба сынбайтын тиімді тәсілді ақырындап енгізген дұрыс сияқты.

11 ЖЫЛ ӨТТІ: ЗАУЫТ ӘЛІ ЖОҚ



«Орталық Азиядағы ең ірі фармацевтикалық зауыт Атырауда болады» деп жарнамасы жалаулатқан фармацевтикалық зауыттың құрылысы тұралағанына биыл 11 ай емес, 11 жыл. Фармацевтикалық зауыт кезінде жылына 800 млн дәрілік таблетка, 300 млн қапсул, 78 млн ампула, 3 млн қаптама жақпамай және көктамырға құюға арналған 12 млн флакон ерітінді өндіруі керек болған еді.

А Баян Жанұзақ,
Атырау облысы

Кезінде Атырау облысы әкімінің орынбасары лауазымында болған экс депутат Ғұмар Дүйсембаевтың айтуынша, Атырауда фармацевтикалық зауыт тұрғызу үшін қомақты қаражат қаралған.

«Қаржының 49 пайызын «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бөлді. Корпорация арқылы 800 млн теңге көлеміндегі қаражат зауытқа құрал-жабдық алу үшін бөлінген еді. Компания корпорация арқылы бөлінген қаражатты құрал-жабдыққа емес, құрылыс саласына жұмсап жіберген. Қаражат мақсатты жұмсалмағаны себепті оны қайтару мәселесі көтерілді. Осылайша, жоба тоқтап қалды. Қазір зауытта инфрақұрылыммен мәселе жоқ. Жол бар, газ тартылып тұр. Алдағы уақытта зауыттың тағдырына байланысты он қозғау болады деп сенемін. Қалай десек те, фармацевтикалық зауытқа елімізде қажеттілік бар. Себебі Қазақстанда дәрі-дәрмек шығарып жатқан

үлкен зауыт жоқ. Алматыда, Шымкентте цех деңгейіндегі өндіріс қана бар. Бұл еліміздің қажеттілігі үшін жеткіліксіз», — дейді Ғұмар Дүйсембаев.

Айтса айтқандай, Атырауда фармацевтикалық өнімдер шығаруы жоспарланған LUMPAN CASPIAN PHARMACEUTICALS LLP зауыты құрылысы 3 млрд 700 млн теңгеге бағаланған болатын. Сол кезде облыс әкімі болып тұрған Бактықожа Ізмұхамбетов басшылық зауыттың іргетасы қаланған уақытта «уақыт қапсуласын» салып, шетелдік медицина саласының мықты мамандарын шақырып, шикізатын Үндістан мен Қытайдан алдыратын болып, уәде берген еді.

Жоспар бойынша зауыт құрылысы 2017 жылы аяқталуы тиіс болды. Бірақ «пәлен жерде алтын бар, барсам, бақыр да жоқ» дегеннің кері дәл осы зауыт болып тұр. Шыны керек, қыруар қаржы бөлінген ғимараттың қазір қарайтындай сикы да қалмаған. Қабырғасы да қаланбаған зауыттың құрылыс алаңында он шақты тірек бағанасы ғана тұр.

«Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының баспасөз хатшысы

БІЛІМ САЛАСЫН КӨРКЕЙТЕР ЖОБА

Ақтауда «Отпан: Маңғыстау облысындағы тірек мектептер желісі» ауқымды жобасының басты кезеңі қорытындыланды.

Бүгінде «Отпан» — Назарбаев Зияткерлік мектептері және Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры былтырдан бері жүзеге асырып жатқан отандық білім берудегі ең табысты жобалардың бірі. Отпан — Каспий аймағындағы жай ғана тау емес, бұл Маңғыстаудың асқаралы мақсаттар мен биік бөлестерге шабыттандыратын сакралды символы.

Жобаға облыс орталығы, Түпқараған, Бейнеу, Маңғыстау, Қаракия және Мұнайлы аудандарындағы 45 мектептің алты мың оқушысы мен екі мыңға жуық мұғалімі қатысты.

— Маңғыстау — бала туу және бала саны бойынша алдыңғы шептегі облыстардың бірі, яғни олардың білім сапасы жақын арада сол өңірдің және тұтастай елдің дамуына да әсер етеді. Сондықтан «Отпан» болашақтың мүддесіне жұмыс істеуге дайын барлық жанды бір арнаға тоғыстырды, — деп атап өтті Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының директоры Данияр Токтарбаев.

Жоба аясында мектеп инфрақұрылымы жасакталып, Ақтауда да, ауылдық мекендерде де материалдық-техникалық база жаңартылды, оқу кабинеттері мен робототехника кабинеттері, STEM-зертханалар, арт және телестудиялар, кітапханалар, сондай-ақ инклюзивті оқытуды қолдау үшін арнайы кеңістіктер жабдықталды.

— «Отпанның» миссиясы — Маңғыстау өңірінде орта білім беру сапасын арттыру

және қала мен ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту. Біз тірек мектептерге NIS-тің үздік тәжірибелері мен жетістіктерін енгізудеміз. Бірнеше жыл бұрын Атырау өңірінде ірі білім беру жобасы іске асырылды, оның басты нәтижесі ретінде PISA халықаралық мониторингінде рейтингінің көтерілуін атап өте аламыз. Бірінші кезеңде педагогтердің әртүрлі санаттары: директорлар мен олардың орынбасарлары, пән мұғалімдері, әдіскерлер, психологтердің кәсіби сұраныстары бойынша мониторингтік зерттеулердің үлкен сериясы жүргізілді. Орта білім беру сапасы, мектеп инфрақұрылымы және педагогикалық практикадағы проблемалық басымдықтар туралы нақты деректер негізінде толық карта жасалды, — деп атап өтті «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин.

Сондай-ақ жоба аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру және әдістемелік қолдау көрсету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. «Отпан» қатысушыларының кестесіне семинарлар, тренингтер, Назарбаев Зияткерлік мектебінде тағылымдалар, біліктілікті арттыру курстары енгізілді, олардың әрқайсысы отандық және әлемдік білім берудегі басты трендтерге арналған. Әсіресе, мұғалімдердің қызығушылығын мектеп командасын құру, оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру, мұғалімдердің жеке және кәсіби бренді сияқты өзекті тақырыптарды тудырды.

Жоба қатысушылары басты емтиханды сәуір айында, PISA халықаралық мониторинг кезінде тапсырды.

Мира АЛИПИНОВА

АЙҚЫНДАМА

25 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДАЛА ЖҰМЫСЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Көктем жақындаған сайын Сыр диқандарының қимылы ширақ. Ерте бастан дала жұмыстарының дайындық қамына кіріскен облыс еңбеккерлері берекелі күзде көл-көсір өнімге кенелуді көздеп отыр.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Биылғы егістік жұмыстарына әзірлік қамы Үкіметтің де назарынан тыс емес. Таяуда Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы мәселе кенінен таразы талқысына түскені мәлім. Сол жиында күн тәртібінде көктемгі егін жұмыстарына дайындық, агроөнеркәсіп кешенінің цифрландыру мәселелері қаралды.

Жыл сайын диканшы қауымның ала жаздай атқарған еселі еңбегінің өтеуін қайтару мақсатында түрлі шара жүргізіліп келеді. Соның ішінде соңғы жылдары атыз жағалаған ағайынды алқымнан алған су тапшылығына байланысты қиындықты еңсеру үшін шаралар қолға алына бастады. Бұл тұрғыда су тапшылығына қатысты келенсіздік Сыр еңбеккерлерін де тығырыққа тіреп тұрғаны ақиқат. Әсіресе, суды көп қажет ететін күріш дақылын өсіру оңай соқпай тұр.

Аймақтың басты дақылды саналатын күріш шаруашылығын тұралатып алмау — өңір үшін басты міндеттің бірі. Соған орай суды үнемдеу мақсатында күріш көлемін азайтып, көкөніс-бақша дақылдарының ауқымын арттыру, тамшылатып суару технологиясын қолдануға енгізу сынды түрлі тың тәсіл жүзеге асырылып келеді. Жалпы, алдағы науқанда облыста 190 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі екен. Соның ішінде Үкіметтің Жол картасына сәйкес күріш егісі 80 900 гектар болып бекітілген. Бұған қосымша тағы 5 мың гектар күрішті қашықтық сумен, жерді лазерлік тегістеу арқылы үнемделген сумен суару көзделіп отырса керек.

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы берген тағы бір мәліметке сәйкес, биыл тұқым шаруашылығына қатысты түйткіл жок. Бұл ретте ауыл шаруашылығы құры-

лымдары тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілгенін алға тартып отыр. Сонымен қатар алдағы науқанға қажетті 64 600 тонна тың-айтқыштың 11 300 тоннасы отандық өнім болып саналады.

«Сыр диқандары егін жұмыстарына қазірдің өзінде қызу дайындық жүргізіп жатыр. Биыл былтырғы жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемін 539 гектарға ұлғайту көзделіп отыр. Оның ішінде күріштің көлемі 350 гектарға және егістікті әртарапандыру мақсатында мал азықтық дақылдарды 880 гектарға, картоп, көкөніс,



Алдағы науқанда облыста 190 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі екен. Соның ішінде Үкіметтің Жол картасына сәйкес күріш егісі 80 900 гектар болып бекітілген.

бақшаның көлемін 208 гектарға арттыру межеленуде. Дегенмен егістік көлемі вегетация кезеңіне су лимиті белгіленгеннен кейін нақтыланатын болады. Негізінен, ерте егілетін дақылдарды орналастыру жұмыстары биылғы жылдың наурыз айының бірінші онкүндігінде, ал күріш дақылын сәуір айының үшінші онкүндігінде бастау жоспарланып отыр», — дейді бұл жайында Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының егіншілік және өсімдік қорғау бөлімінің басшысы Асылжан Жарылқасынов.

Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасымен сала мамандарына ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есеге ұлғайту міндеті жүктелгені мәлім. Осы ретте басқарма тарапынан тапсырманы жүзеге асыру үшін егіс егудің барлық агро-технологиясын қатаң сақтап, тұқым сапасын



шығу үшін тың бастамаларға иек артып отырғанын жеткізді.

«Күріш — мелиоративтік дақыл. Сол себепті күріш атыздарында су үнемдеудің бірден-бір жолы — лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізу. Биыл лазерлік тегістелген егіс көлемін 60 мың гектарға жеткізіп, суармалы суды 20 пайызға немесе 300 млн текше метр көлемінде үнемдеу жоспарлануда. Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 2024 жылы 4 мың 400 гектарға жеткізілсе, биыл да оның көлемін ұлғайту назардан тыс емес», — дейді бұл жайында бөлім басшысы.

Сонымен қатар вегетациялық кезеңде егістік алқапты еш кедергісіз сумен қамтамасыз ету мақсатында да бірқатар шаруа қолға алынған. Нақты айтқанда, биыл су жүйелерін тазарту жұмыстары бойынша шаруашылық аралық каналдарындағы 26 дана гидротехникалық құрылыстарының 19,2 пайызына және ішкі шаруашылық каналдарындағы 373 дана су құрылысының 32 пайызына жөндеу жүргізіліпті. Сондай-ақ 178 дана сорғы қондырғыларының 51 пайызы мен 182 дана гидробекеттердің 28 пайызына ағымдағы жөндеу жасалған. Осы бағыттағы жұмыстар 1 наурызға дейін толық аяқталатынын тілге тиек етті.

жақсартып, өндіріске жаңа сорттарды енгізуге қол жеткізу жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Бұл тұрғыда облыс бойынша көктемгі егіске 22,2 мың тонна күріш тұқымы құйылып отыр. Жалпы, өңірдің ауыл шаруашылығы дақылдарына қажетті тұқым толық дайын екенін алға тартады. Қазір қолда бар тұқымды газартып, себу дәрежесіне жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып отыр. Тынайтықштар мен техникаларға да мұқтаждық жок.

Дей тұрғанмен, соңғы жылдары су тапшылығы көп шаруаға тосқауыл болып тұрғаны жасырын емес. Оны еңсеруде түрлі шара қолға алынғанымен, тіршілік нәріне тәуелділіктен арыла алмай отырмыз. Бұл — еліміздің барлық аймағына тән мәселе.

Басқарма тарапынан да суға қатысты түйткіл бір бүйірден түртіп тұрғанын жасырмайды. Бұл қиындықтан қысылмай

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонның көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 11/5, Б блок, uasto@gmail.com, +7(7172) 62-14-62.

Кәсіпорынның қызметінің мәні: спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты ұлттық және ат спорты түрлерінің спортшыларын орталықтандырылып даярлауды қамтамасыз ету және өткізу болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің өкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-өдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді; ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді; барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спорты дамытуға бағыттайды; жаттықтырушылар, жаттықтырушылар-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау денгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында денешынықтыру және спорт саласындағы шетелдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; лауазымды тұлғаларға — орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады; қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды; тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның өкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады; ұйымның біріншілік жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, өнім берушілер, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдау дербес жауапкершілікте болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-ғ тармағы негізінде Университетке қарасты факультеттердің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты қосымшаға сәйкес тауарларды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 35 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші КҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде КҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органның берешегі жок туралы анықтамасы;
7. Өтімділігі қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражаттың төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 04.03.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтімділігі өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университетке қарасты факультеттердің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты қосымшаға сәйкес тауарларды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 45 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші КҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде КҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органның берешегі жок туралы анықтамасы;
7. Өтімділігі қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражаттың төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.03.2025 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтімділігі өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

25 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында мәнерлеп сырғанаудан төрт құрлық чемпионаты аяқталды. Беделді жарыста еліміздің әнұраны шырқалды. Күні кеше Харбиннен қоламен оралған Михаил Шайдоров енді төрт құрлықтың чемпионы атағына ие болды.

А Әсет ҚАЛИ

Төрт құрлық чемпионаты – конькишілер одағының мұрындық болуымен өтетін мәнерлеп сырғанаудан жыл сайынғы турнир. 1999 жылы алған бастау алған жарысқа Азия, АҚШ, Африка және мұхит елдерінің спортшылары ғана қатысады. Тарихқа көз жүгіртсек, бұл халықаралық турнирден Қазақстан құрамасының қоржынында екі медаль бар. 2015 жылы Денис Тен тұғырдың ең биік сатысына көтерілсе, екі жылдан кейін Элизабет Тұрсынбаева күміс жүлдегер атанды. Араға 10 жыл салып Сеулдің төрінде Михаил Шайдоров тағы бір алтынды қоржынға салды.

БАҒЫМЫЗ ОТТАЙ ЖАНДЫ

Биыл Қазақстан құрамасының медаль еншілеуіне бірқатар себеп көмектесті. Әсіресе, ерлер арасындағы жекелей сында бағымыз жанды десек те болады. Себебі Сеулге әлемдік мәнерлеп



сырғанау жұлдыздарының көбі, соның ішінде жапон спортшылары мен қазіргі әлем чемпионы, америкалық Илья Малинин келмеді. Малининнің қатыспауы түсінікті жағдай. Бапкерлерінің айтуынша, ол екінші рет әлем чемпионы атауға дайындалып жатыр. Оның үстіне, биыл әлем чемпионаты спортшының отаны – АҚШ-та өтпек. Наурыз айындағы басты жарысты Бостон қаласындағы TD Garden аренасы қабылдайды. Сол себепті де әлемдік жұлдыз басты додаға дайындалуды жөн көріпті.

Жапония құрамасы бұл жарысқа үш спортшыны тіркеген. Алайда олардың қатарында Юма Кагияма мен Шун Сато болмады. Сарапшылардың пайымдауынша, атақты спортшылар 2025 жылғы қысқы Азия ойындарындағы сәтсіздіктен кейін күйзеліске түсіп, қалыпқа келу кезеңін өткізіп жатыр. Сондай-ақ олар Харбинде жіберген қателігін түзеп, әлем чемпионатына мейлінше дайындықпен келуді көздеп отыр. Олардың жоқтығы басқа спортшылар үшін жана мүмкіндік ашқаны рас. Себебі төрт құрлық чемпионатының былтырғы жеңімпазы мен күміс жүлдегері дәл осы Кагияма мен Сато болған. Демек, Сеулде чемпиондық атақ қорғалмайды деген сөз. Дегенмен жапондардың құрамында Као Миура бар. Биыл ол жарқын өнер көрсете алмады. Әйтсе де, Као Миураның тәжірибесі мықты, 2023 жылы ол төрт құрлық чемпионатын жеңіп алды. Әсіресе, қысқа бағдарламасы өте мықты болды. Сондықтан жас спортшыны есептен шығара алмаймыз.

Сарапшылардың ойынша, биылғы басты фаворит – оңтүстіккореялық Ча Джун Хван. Ол маусым басында аса белсенді болмағанымен, Азия ойындарына қарай бабына келіп, алтын медаль алды. Қазір жігері тасып тұрған спортшы чемпионатқа сакадай сай келген. Алайда жарыстың Оңтүстік Кореяда өткені Джун Хваға үстемдік бермеді. Осы жарысқа үлкен үміт артқанымен, оған екінші орын бұйырды.



СЕУЛДЕН СҮЙІНШІМЕН ОРАЛДЫҚ

ШАЙДОРОВ ШАҢ ЖҰҚТЫРМАДЫ

Турнир басталмай тұрып қағаз жүзінде жүлдені үмітті спортшылардың қатарында қазақстандық Михаил Шайдоров та болды. Азия ойындарының еркін бағдарламасында қарсыластары көп қателік жібергендіктен, Михаил үздік үштікке еніп, қола медаль иеленгені бәрімізге мәлім. Бұл – оның өз мүмкіндігін толық пайдалана алмағанына қарамастан жеткен нәтижесі еді.

Қазақстан құрамасы бұл жарысқа қысқы Азия ойындарында өнер көрсеткен құраммен қатысты. Ерлер арасында тағы бір қазақстандық Диас Жиренбаев мұзға шыққан еді. Бірақ спортшының жинаған ұпайы мұндай деңгейдегі жарыста бәсекеге түсуге жеткіліксіз болды – 166,34 ұпаймен 19 орынға жайғасты.

Былыр қазақстандық спортшы алтыншы орын алды. Оған дейін екі рет бестікке жетті. Содан бері спортшы өз бағдарламасын күрделендіріп, техникалық деңгейін көтеріп жүрді.

Отандасымыз жарысты сәтті бастады. Ол қысқа бағдарламаны ойдағыдай орындап, көш басына шықты. Нәтижесінде, ол басымдықты жібермей, еркін бағдарламада еш қателіксіз төрешілердің шешімімен 190,37 ұпай жинады. Жалпы есепте 285,10 ұпайға қол жеткізіп, алтын тұғырға көтерілді. Екінші орынды 265,02 ұпаймен Оңтүстік Корея спортшысы Ча Джун Хван иеленсе, үшінші орынға 245,01 ұпаймен америкалық Джимми Ма тұрақтады.

Айта кетейік, Қазақстан құрамасы бұл жарысқа қысқы Азия ойындарында өнер көрсеткен құраммен қатысты. Ерлер арасында тағы бір қазақстандық Диас Жиренбаев мұзға шыққан еді. Бірақ спортшының жинаған ұпайы мұндай деңгейдегі жарыста бәсекеге түсуге жеткіліксіз болды – 166,34 ұпаймен 19 орынға жайғасты.

ҚЫЗДАРҒА ӘЛІ ТӘЖІРИБЕ КЕРЕК

Әйелдер арасында Софья Самоделькина мен Софья Фарафонованың жүлдеге жету мүмкіндігі тым аз болғанына қарамастан, спортшылар аянып қалмады. Бұл санатта қатысушылар тізімінде мықтылар жетерлік. Бірнеше мәнерлеп сырға-

наушы басты фаворит саналды. АҚШ құрамасында көшбасшы – 2022 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері Алиса Лью. Жапонияның әйелдер құрамасы ерлер секілді бұл жарысқа қысқы Азия ойындарының қатысушыларын жібермеді. Бірақ бапкерлер штабы Монэ Тибулы жарысқа қосты. Ол былтыр төрт құрлық чемпионатын жеңіп алған. Биыл да чемпиондық атақ үшін таласты. Оңтүстік Корея өте мықты құраммен өнер көрсетті. Азия ойындарының жана чемпионы, 18 жастағы Ким Чхэ Ен мықтылығын тағы дәлелдеді. Ол 222,38 ұпаймен АҚШ-тың екі бірдей қызын сан қаптырып кетті. Осылайша, екінші орын 204,38 ұпаймен америкалық Брэдли Тэннелге бұйырса, үздік үштікті 200,03 ұпаймен



тағы бір америкалық спортшы Сара Эверхард қорытындылады.

Ал Софья Самоделькина тұрақты даму үстінде. Харбиндегі Азиадада ол еркін бағдарламада таза өнер көрсетті. Алайда әзірге оның бағдарламасының күрделілігі жеткіліксіз. Еркін бағдарламада Самоделькина төрешілердің шешімімен 129,39 ұпай жинады. Жалпы есепте 193,37 ұпайға жетіп, ол жарысты жетінші орынмен аяқтады. Қазақстан құрамасы атынан мұздағы би жарысына Бойсангур Датиев пен Гаухар Наурыззова қатысты. Өкінішке қарай, олар жүлденен қағылды.

Михаил Шайдоров нағыз ерлік көрсетті. Денис Теннің жетістігін қайталап, елімізге үлкен қуаныш сыйлады. Ұлттық құраманың келесі межесі – әлем чемпионаты болмақ. Биыл наурыз айында АҚШ-тың Бостон қаласында өтетін әлем чемпионатында да бағымыз жанса екен дейміз.

КОШКИН АЛТЫН АЛДЫ

Конькимен жүгіруден Қазақстан құрамасының спортшысы Евгений Кошкин Польшаның Томашув-Мазовецк қаласында өткен Әлем кубогы кезеңінде алтын медаль жеңіп алды.



Спортшы 500 метр қашықтықта жоғары нәтиже көрсетті. Оның мәреге жеткен уақыты – 34,52 секунд. Екінші орынды канадалық Лорен Дюбрель иеленді – 34,70 секунд. Қола медаль польшалық Марек Канияға бұйырды – 34,76 секунд.

САДАҚ АТУДАН ҮШ МЕДАЛЬ БАР



Садақ атудан Қазақстан құрамасының спортшылары Бангкокта өткен Азия кубогы кезеңінде үш медаль жеңіп алды.

Біздің мергендер үш рет күміс жүлдеге ие болып, жеңіс тұғырының екінші сатысына көтерілді. Барлық үш медаль блокты садақ ату жарысынан бұйырды. Жекелей сында Роксана Юнусова екінші орынға ие болды. Әйелдердің командалық сайысында Виктория Лян, Роксана Юнусова және Аружан Жексенбинова күміс жүлдегер атанды. Андрей Тюптон мен Виктория Лян аралас жұпта екінші нәтижені көрсетті.

СЕМСЕРЛЕСУДЕН ҚОЛА БҰЙЫРДЫ

Кувейтте семсерлесуден жасөспірімдер және кадеттер арасында Азия чемпионаты жалғасып жатыр. Қазақстан құрамасы саблямен семсерлесуден командалық жарыста үшінші орынға ие болды.

Бұл додаға Қазақстан атынан Қайым Айбар, Нариман Илияс, Ерхан Қараман, Шерім Қанағат қатысты. Жарыс кезінде қазақстандықтар Үндістан құрамасын 45:33, Сингапур командасын 45:34 есебімен жеңді. Алайда жартылай финалда Озбекстанға 31:45 есебімен жол берді. Осылайша, отандастарымыз кадеттер арасында қола медальға ие болды.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОВИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4562
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,